4
Мемлекеттік қызметшілер спорт додасында бақ сынауда



4
Тұрмыстық қалдықтарды шығару мәселесі әлі де өзекті



16+

# DIDAR

«DIDAR» ГАЗЕТІ SHYĠYS AQPARAT ТАУАР МАРКАСЫМЕН ҰСЫНЫЛҒАН

Altainews MEDIA CENTRE

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

1931 жылдың 24 қазанынан шығады №16 (18576) 16 сәуір 2026 жыл WWW.DIDAR-GAZETI.KZ

3

## ӨҢІРДЕ ТАСҚЫНҒА ТОСҚАУЫЛ КҮШЕЙДІ

10
Қазақ баспасөзінің қара нары – Жұмәділ Әділбаев 80 жаста











6
Өскемендік ғалымдар инновациялық су сүзгілерін әзірледі



#КЕҢЕС

# Өрт қаупі жоғары маусымға дайындық: *әр өңірдің әзірлігі пысықталды*

Елизавета СЕДЫХ
Махаббат АХМЕТЖАНОВА

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектенов төрағалық еткен кеңесте өңірлер мен төтенше жағдайлар қызметтерінің алдағы өрт қаупі жоғары кезеңге дайындығы, сондай-ақ орман қорын қорғау мәселелері жан-жақты қаралды.**

Көктемгі су тасқыны қаупі бірқатар өңірде бәсеңдеген тұста, енді орман және дала өрттерінің алдын алу мәселесі алдыңғы орынға шықты. Осыған байланысты арнайы техниканың дайындығы мен жеке құрамның сақадай сай болуы аса маңызды.

Кеңес барысында материалдық-техникалық базаны нығайтудың өзектілігі атап өтілді. Өңірлердегі өрт сөндіру деполары мен арнайы техникалардың жағдайын мұқият тексеру қажеттігі айтылды.

Жиын барысында белгілі болғандай, кейбір өңірлерде мемлекеттік орман қорларының дайындығы 51 пайыздан төмен деңгейде (Ақтөбе және Қызылорда облыстары). Жалпы алғанда 158 орман иеленуші тексеріліп, нәтижесінде 248 нұсқама беріліп, 26 әкімшілік хаттама толтырылған. Салынған айыппұлдардың жалпы көлемі 2,5 млн теңгені құрады.

Ал Шығыс Қазақстан облысы үшін өрт қауіпсіздігі мәселесі стратегиялық мәнге ие. Өйткені өңірдің орман қоры ауқымды. Атап айтқанда, Риддер қаласы, Алтай, Самар, Катонқарағай аудандары жайқалған жасыл желегімен белгілі. Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов өз баяндамасында соңғы үш жылда өңірде 117 өрт тіркеліп, 707 гектар аумақты шарпығанын атап өтті. Оның ішінде өткен жылы өрт қаупі кезеңінде болған 27 өрттен 204 гектар алқап зақымданған.

Биыл өртпен күреске табиғатты қорғау мекемелері, азаматтық қорғаныс қызметтері және ТЖД күштері толық жұмылдырылған. Жалпы саны 3,5 мың адамнан тұратын жеке құрам, мыңға жуық техника, 5 мыңнан астам құрал-жабдық пен 45 ұшқышсыз ұшу аппараты дайындалған.

Соңғы жеті жылда орман мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға облыстық бюджеттен 2,6 млрд теңге бөлініп, 97 техника сатып алынған. Бұдан бөлек былтыр «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы лизинг негізінде құны 3,5 млрд теңгені құрайтын 122 автокөлікпен толықты.

Орман өрттерін ерте анықтау жүйесін кеңейтуге арналған жол картасы аясында 9 орман шаруашылығы аумағында 90 бақылау мұнарасын орнату жоспарланған. Құрылыс-монтаж жұмыстары жақын уақытта басталады.

Төтенше жағдайлар департаменті желісі бойынша 2021 жылдан бері 148 техника сатып алынған. Былтыр лизинг арқылы 30 өрт сөндіру автокөлігі жеткізілді.

Қазіргі уақытта өңірде жанар-жағармай қоры жеткілікті деңгейде қалыптастырылған.

Орман қорын әуеден бақылау үшін «Қазавиақұтқару» АҚ тарапынан 794 ұшу сағаты қарастырылған. Сонымен қатар, өңірде қажетті материалдық-техникалық жарақтандырылған «Шығыс Қазақстан облысының авиациялық бөлімшесі» КМК жұмыс істейді. Бұдан бөлек, облыс әкімдігіне қарасты «Орман және аңшылық шаруашылығының жедел әрекет ету жасағы» КММ құрамында 20 адамнан тұратын қосымша мемлекеттік өртке қарсы қызмет бар. Бұл құрылым «Қазақ орман авиациялық күзеті» шығыс авиация мамандарымен бірлесіп, қолжетімсіз аумақтарға жедел жетіп, орман өрттерін бастапқы кезеңде сөндіруге бағытталған мобильді топ құрады.

Осыған байланысты облыс әкімі «Қазавиақұтқару» АҚ-мен өзара іс-қимылға дайын екенін білдіріп, орман өрттеріне жедел әрекет ету үшін өңірлік авиациялық бөлімшені тарту мүмкіндігін қарастыруды сұрады.



Айта кетейік, өңірде биылғы алғашқы дала өрті тіркелді. 8 сәуір күні 10 гектар аумақта өрт шығып, тиісті қызметтердің жедел әрекетінің арқасында толықтай оқшауланып, сөндірілді.

Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-министр мемлекеттік органдар мен ведомстволарға бірқатар тапсырма берді.

– Өңірлер авиапатрульдеумен толыққанды қамтамасыз етілуі тиіс. Өрт қаупі жоғары кезеңде тікұшақтардың кезекшілігіне қатысты келісімшарт жасауды тездету керек. Әуе кемелері су шашатын құрылғылармен жабдықталып, орман қорына жақын маңда шоғырлануға тиіс. Сондай-ақ, өрттің пайда болу қаупі жоғары жерлерде қосымша бақылау бекеттері орналастырылсын. Ормандар мен даланы аэровизуалды шолып зерттеу үшін пилотсыз аппараттарды белсенді пайдалану қажет. Төтенше жағдайлар министрлігі өздерінің әуе кемелерін жұмылдыруы керек. Сонымен қатар Қорғаныс, Ішкі істер министрліктері мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің авиациялық бөлімшелері де әуеден бақылау және өрт сөндіру жұмыстарына тартылып, өңірлер бойынша тікұшақтардың орналасуы қамтамасыз етілсін. Сонымен қатар Төтенше жағдайлар министрлігінің ахуалдық орталығында өрт қаупі жоғары кезеңде мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерінен құралған жедел штаб құру қажет. Штаб жұмысы аясында өңірлердегі өрт жағдайын тәулік бойы бақылауды қамтамасыз ету керек. Экология министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, табиғатты қорғау және орман мекемелерін одан әрі жарақтандыру жұмыстарын жалғастырсын. Әкімдіктермен, Жасанды интеллект министрлігімен және «Қазақтелеком» компаниясымен бірлесіп, өрттерді ерте анықтау жүйелерімен қамту аясын кеңейтіп, олардың «Семей орманы» резерватының аумағында да жұмыс істеуін қамтамасыз етуі қажет. Әкімдіктер елді мекендерде ерікті өртке қарсы құрылымдарды ұйымдастыру жұмыстарын жалғастырсын. Сондай-ақ өңірлерде әуе кемелерін тарту үшін жанар-жағармай материалдарының қажетті қорларын қамтамасыз еткен жөн. Өрт сөндіру көліктері мен тікұшақтар су алу үшін қажетті су көздерін дайындау керек. Осы ұйымдастыру мәселелерінің барлығын 20-шы сәуірге дейін шешу қажет, – деді Олжас Бектенов.

#«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

# Табиғатты аялау — әр азаматтың парызы

Наргиз ЕРКІНБЕКОВА
Артём ЖИГУЛИН

**«Таза Қазақстан» акциясы аясында облыс орталығының әртүрлі аудандарында кең ауқымды абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылды.**



Таң сәріден қала тұрғындары Жеңіс саябағындағы мемориалдық кешен аумағын тазалауға белсене кірісті. Сонымен қатар, Протозанов көшесінің тұрғындары да өз аулаларын ретке келтірді.

— Біз бұл акция аясындағы сенбіліктерге тұрақты түрде қатысып келеміз. Бұл — екінші апта. Алдағы уақытта да жалғастыруды жоспарлап отырмыз. Әсіресе, жастардың белсенділігі қуантады. Әрбір азамат ел игілігі үшін өз үлесін қосуы тиіс деп есептеймін, — деді қала тұрғыны Амина Бақытбекова.

Сенбілікке облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов та қатысты. Аймақ басшысы мұндай бастамалар мәжбүрлеуге емес, адамдардың өз еркіне негізделуі тиіс екенін атап өтті.

— Сенбілікті таңғы серуен немесе жүгіру сияқты дене белсенділігінің бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ең бастысы — оған қатысу ерікті болуы қажет. Әр тұрғын өз қаласының дамуы мен көркеюіне үлес қосуға ұмтылуы тиіс. Бұл туралы достарға, көршілерге, жақындарға айту арқылы ғана қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыра аламыз, — деді облыс әкімі.

Өскемен — Қазақстандағы ең көрікті қалалардың бірі. Мұнда табиғаттың ерекше үйлесімі бар. Үлбі мен Ертіс өзендерінің тоғысуы, таулар мен орман-тоғайлар қаланың ажарын айшықтай түседі. Осындай көркем өлкеде өмір сүріп жатқандықтан, табиғатты аялау — баршаның ортақ міндеті.

— Бүгінде Өскеменде 385 мың адам тұрады. Қоршаған ортаға ұқыппен қарап, қаланы бірлесе дамытуымыз қажет. Алдағы уақытта халық саны 500 мыңнан асуы мүмкін. Сондықтан әр тұрғын оның көркеюіне өз үлесін қосуы тиіс, — деп толықтырды Нұрымбет Сақтағанов.

Сенбілік барысында «Өмір жолы» бастамасы таныстырылды. Жоба аясында Стрелка ауданынан Лихарев көшесіне дейін жаңа аллея салу жоспарланған.

Бұл жерде балаларға, қарттарға қолайлы жағдай жасалып, спорт алаңдары да қарастырылады.

— Осы аптада мердігер ұйым анықталады. Ауа райы қолайлы болысымен құрылыс-жөндеу жұмыстары басталады, — деді қала әкімі Алмат Ақышов.

Сондай-ақ, сенбілік барысында қалалық қызметтерге көшедегі барлық қоғамдық дәретханаларды тексеріп, оларды талапқа сай күйге келтіру тапсырылды. Жұмыс істемейтін нысандар бұзылып, ал қолданыстағылары толықтай ретке келтіріліп, үздіксіз қызмет етуі тиіс.

#ОБЛЫС ӘКІМІ: ІССАПАР, БАҒЫТ-БАҒДАР

# Өңірде тасқынға тосқауыл күшейді

Бауыржан АЙТҚАЗИН
Махаббат АХМЕТЖАНОВА

**Облысымызда бірқатар ірі инфрақұрылымдық және қауіпсіздік жобалары жүзеге асып жатыр. Мәселен, Алтай қаласындағы теміржол вокзалы жаңғыртылып, жұмыстың 97%-ы аяқталған, ал Бұқтырма өзенінде ұзындығы 2,4 шақырым болатын қорғаныс дамбасы күшейтіліп отыр. Сонымен қатар Үлкен Нарын ауданында тұралап қалған спорт кешенінің құрылысы жанданып, оны алдағы қыркүйек айына дейін аяқтау көзделіп отыр.**

## АЛТАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ВОКЗАЛЫ ЖАҢҒЫРТЫЛЫП ЖАТЫР

Алтай қаласының теміржол вокзалындағы жаңғырту жұмыстары шамамен жарты жыл бұрын басталған. Бүгінде нысанда негізгі құрылыс кезеңдері аяқталып, жұмыс қарқыны жоғары деңгейде сақталып отыр.

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов Алтай ауданына қарасты Зубовск кентіндегі теміржол вокзалын жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты. Жобаның жалпы аумағы 500 шаршы метрден асады. Демонтаж жұмыстары толық аяқталып, құрылыс қалдықтары түгел шығарылған. Сонымен қатар торкреттеу жұмыстарына арналған арматура байлау, плиталарды күшейту, бетон құю және сейсмикалық белдеу жұмыстары жүргізілген.

Қазіргі уақытта сыртқы және ішкі әрлеу жұмыстары аяқталуға жақын. Атап айтқанда, шатыр жабу жұмыстары 97 пайызға, ал кірпіш қалқандарды орнату 82 пайызға орындалған.

Бас мердігердің мәліметінше, нысандағы барлық жұмыстар маусым айының соңына дейін толық аяқталады.

Теміржол вокзалын жаңғырту – өңір инфрақұрылымын дамытудағы маңызды жобалардың бірі. Жоба іске қосылғаннан кейін жолаушыларға қолайлы жағдай жасалып, қызмет көрсету сапасы арта түседі.

Өңір басшысы жұмыстың сапасы мен нысанның халық игілігіне қолайлы әрі жайлы болуына ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті.

– Алтай ауданы – әдемі өңірлердің бірі. Ауданға демалуға келетін жандар, әсіресе, туристер мен қонақтар ең біріншi осы теміржол вокзалын көреді, осы жерден түседі. Сондықтан осы жерден бастап жақсы әсер қалдыруға тырысу керек. Басты мәселе сапа болғандықтан, қатты көңіл бөліңіздер. Аудан әкімдігі жарықтандыру, жақын жердегі алаңдарға қатысты мәселелерді шешу керек. Жолды қайта жөндеп, тұрғындар мен туристер үшін қолайлы әрі жайлы инфрақұрылымды дамыту жұмысын жалғастыру керек, – деді облыс әкімі.

## СЕҢНЕН ҚОРҒАНЫС: БҰҚТЫРМА ӨЗЕНІНДЕГІ ДАМБА НЫҒАЙТЫЛДЫ

Өңірде көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық күшейтіліп, қауіпті учаскелер тәулік бойы бақылауға алынды. Бұқтырма өзені бойындағы Алтай ауданына қарасты Зубовск елді мекенінде жыл сайын қайталанатын су басу қаупін азайтуға бағытталған инженерлік шаралар алғаш рет нақты нәтижесін көрсете бастады.

Облыс әкімі Алтай, Үлкен Нарын және Катонқарағай аудандарына жұмыс сапары барысында су тасқынына қарсы жүргізіліп жатқан шаралардың тиімділігін тексерді. Мониторинг әуеден шолу және елді мекендерді аралау арқылы жүргізілуде.

Зубовск ауылындағы негізгі назар Бұқтырма өзеніндегі сең жүру кезеңінде туындайтын қауіптің алдын алуға аударылды. Бұған дейін жыл сайын мұз сеңі өзен арнасымен төмен түсіп, елді мекенге соққы беріп, су басу қаупін күшейтетін.

Қазіргі кезде бұл тәуекелді төмендету үшін бірқатар инженерлік шешім жүзеге асырылған. Атап айтқанда, ұзындығы 2,4 шақырым болатын қорғаныс дамбасы күшейтіліп, су өткізу жүйелері ретке келтірілген. Сонымен қатар өзен бойында сеңнің бағытын өзгертіп, оның соққысын әлсіретуге мүмкіндік беретін арнайы ұзындығы 100 метрді құрайтын екі бірдей су бұрғыш құрылым (водоотбойниктер) орнатылған.

Облыс әкімінің айтуынша, мұндай тәсіл мұз массасының елді мекенге тікелей соғылуын болдырмай, оны өзен ағысымен қауіпсіз өткізуге мүмкіндік береді. Себебі, Зубовск ауылы өзен деңгейінен төмен орналасқан.

Сондай-ақ өзен арналары тереңдетіліп, жағалаулар бекітілген. Қар мен мұздан ондаған су өткізу нысандары тазартылып, инертті материалдар қоры алдын ала дайындалған.

– Бүгінде Бұқтырма өзеніндегі су деңгейі тұрақты бақылауда. Соңғы тәулікте су 17 сантиметрге көтеріліп, 422 сантиметрге жеткен. Бұрын қауіпті деңгей 530 сантиметр деп белгіленсе, жүргізілген жағалауды бекіту жұмыстарының нәтижесінде бұл межені 580 сантиметрге дейін арттыруға мүмкіндік туды, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Облыс басшысы атап өткендей, су тасқынын болжау және алдын алу жұмыстарына цифрландыру, жасанды интеллект пен заманауи технологиялар енгізілген. Қар көлемі, жауын-шашын мөлшері және су деңгейінің өзгерісі тұрақты түрде талданып отыр. Алынған ақпарат тасқынның алдын алу шараларын дер кезінде іске қосуға мүмкіндік беруде.

## ТАСҚЫННЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

Алтай ауданындағы Малеевск ауылдық округінде көктемгі тасқынға қарсы дайындық жұмыстары толық аяқталды. Инженерлік қорғаныс күшейтіліп, су өткізу жүйелері тазартылып, тұрғындарды қауіпсіз көшіру тетіктері нақтыланды.

Өңірде су тасқынының алдын алу бағытындағы кешенді шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылды. Атап айтқанда, Путинцево ауылы маңындағы Хамир өзенінде ұзындығы 100 метр болатын ағын бағыттаушы дамба биіктетіліп, нығайтылды. Бұл көктемгі тасқын кезінде елді мекендерді қорғау деңгейін арттыра түседі.

Сондай-ақ арық жүйелері мен су өткізу құрылыстары толық тазартылды. Жалпы ұзындығы 3 шақырымды құрайтын 5 арық қар мен мұздан аршылып, 25 су өткізу нысаны шөп пен қоқыстан тазартылған. Нәтижесінде су ағысының өткізу қабілеті жақсарып, су басу қаупі төмендеді.

Қауіпті аймақта орналасқан үш елді мекен бойынша қорғаныс жоспарлары әзірленіп, төтенше жағдай кезіндегі нақты іс-қимыл алгоритмдері бекітілді. Тұрғындарды эвакуациялау бағыттары айқындалып, малды уақытша орналастыруға арналған қауіпсіз орындар да белгіленген.

Материалдық-техникалық қор алдын ала жасақталған. Қазіргі кезде 200 қап инертті материал дайындалып, 15 тонна құм мен 600 тонна инертті қор жинақталған.

Өзендердегі жағдай тұрақты бақылауда. Бұқтырма және Хамир өзендерінде орнатылған үш су бекеті арқылы тәулік бойы мониторинг жүргізілуде.

Жұмыстың барысын тексерген облыс әкімі дайындық жұмыстарын тексеріп, жауапты қызметтерге тасқынның алдын алумен қатар, өрт қауіпсіздігін де қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.







## БАССЕЙН ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫ

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов Үлкен Нарын ауданындағы ұзаққа созылған бассейн құрылысына нақты мерзім қойып, нысанды биылғы 1 қыркүйекке дейін аяқтауды тапсырды.

Қазіргі кезде жоба меморандум аясында «Элхон» ЖШС тарапынан жүзеге асып жатыр. Ал бұрынғы мердігер – «QazConstructions» ЖШС-мен келісімшартты бұзу бойынша сот ісі жалғасуда.

Айта кетейік, аталған компанияның жауапсыздығы кесірінен өңірдегі бірқатар әлеуметтік нысанның құрылысы баяулап, мерзімдер шегерілген болатын. Құны 695,2 млн теңге болатын жоба аясында ауданы 1277,8 шаршы метрді құрайтын, бір уақытта 40 адамды қабылдай алатын заманауи бассейн салу жоспарланған. Алайда құрылысы 2021 жылдан бері тұралап қалған-ды.

Нұрымбет Сақтағанов құрылыс қыркүйек айына дейін аяқталуға тиіс екенін қадап айтты. Өйткені бассейні бар толыққанды дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешені – бүкіл аудан үшін жаңа мүмкіндіктердің бастауы.

Үш жылдан астам уақыт бойы жұмыс барысы тоқтап тұрған нысанның кей бөліктері жауын-шашын мен аяздың әсерінен тозған, тот басқан. Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Ерназ Мұқатаевтың айтуынша, бұған дейін орындалған жұмыстардың шамамен 30 пайызын жаңалау қажет екенін атап өтті. Дегенмен, басқарма өкілі жұмыс белгіленген мерзімге дейін аяқталатынын жеткізді.

Облыс әкімі қосымша жабдықтарды жеткізу және абаттандыру жұмыстарын салалық басқармамен бірлесіп аудан әкімдігі қамтамасыз етуге тиіс екенін атап өтті.

Сапар аясында аймақ басшысы Үлкен Нарын ауданындағы Сурка өзенінде жүргізіліп жатқан су тасқынына қарсы жұмыстардың барысымен танысты. Аталған учаскеде өзен арнасын ағаштан, бұталардан тазарту, түбін тереңдету және жағалауды бекіту жұмыстары жүргізілуде. Бұл шаралар көктемгі тасқын қаупін азайтып, судың еркін өтуін қамтамасыз етуге бағытталған. Қазір жұмыстар ішінара орындалған. Қалған көлемін қаржыландыру бөлінгеннен кейін аяқтау жоспарланып отыр.

#12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

# Инновация, цифрландыру және ғылым

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

**Өскемен қаласында Ғылым қызметкерлері күніне орай ғылыми кеңестің екінші отырысы өтті. Жиын барысында өңірдің ғылыми әлеуетін арттыру, инновацияларды өндіріске енгізу және цифрландыру бағыттарын дамыту мәселелері талқыланды.**

Өңірде металлургия, медицина, цифрлық технологиялар және агроөнеркәсіптік кешен негізгі басым бағыттар ретінде айқындалған. Бұл салаларда ғылым мен өндірісті ұштастыру арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізу көзделіп отыр.

Кеңес отырысында облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов ғылым мен технологияның стратегиялық маңызына тоқталып, жас ғалымдарды қолдау және олардың зерттеу жұмыстарын үздіксіз жүргізуіне жағдай жасау бағытында нақты қадамдар жасалып жатқанын жеткізді.

– Бұл бағыттағы жұмыстар өңірдің ғылыми әлеуетін арттырып, Қазақстанның халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, еліміздің Конституциясы аясында ғылыми ізденістерді қолдау, зияткерлік меншікті қорғау тетіктері де нығайтылуда. Бұл өз кезегінде инновациялардың дамуына және жас ғалымдардың өз идеяларын жүзеге асыруына жол ашады. Қазіргі уақытта көптеген жас ғалымдар өздерінің креативті ұсыныстарымен ғылыми жобаларға белсенді қатысуда. Осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізу ғылымның дамуына серпін береді, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Ресми деректерге сәйкес, бүгінде Қазақстанда 420-дан астам ғылыми-зерттеу ұйымы жұмыс істейді. Бұл мекемелерде 27 мыңнан астам ғалым еңбек етеді, олардың басым бөлігі – 40 жасқа дейінгі жас мамандар.

Жиында жас ғалым Алмасбек Мәуліт агроөнеркәсіп саласына арналған цифрлық портал жобасын таныстырды. Оның нәтижесін фермерлер мен ауыл шаруашылығы мамандары іс жүзінде пайдаланып отыр.

– Біздің негізгі бағытымыз – сандық технологияларды ауыл шаруашылығына бейімдеу. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша қызықты агропортал әзірлеп шығардық. Порталдың ішінде жасанды интеллект элементтері енгізілген. Ол өнімділікті арттыруға, деректерді талдауға және тиімді шешімдер қабылдауға көмектесіп, жұмысты оңтайландыруға мүмкіндік береді, – деді жас ғалым.

Бүгінде өңірдегі өндіріс орындары, ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындары арасында тығыз байланыс орнап, әзірлемелерді тәжірибеге енгізу мүмкіндігі кеңейіп келеді. Бұл өз кезегінде өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

– Өңіріміз материалдық-техникалық және интеллектуалдық базаға сүйене отырып дамып келеді. Мұнда ядролық өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін жетекші өндірістік және ғылыми ұйымдар бар. Олар университеттермен және ғылыми-зерттеу институттарымен тығыз байланыста қызмет атқарады. Бұл өнеркәсіптік әлеует ғылыми жұмыстарды тәжірибелік тұрғыда дамытуға мүмкіндік береді. Өңірлік даму стратегиясы зауыттар, технологиялар, университеттер, зерттеу орталықтары және инновациялық өндіріс арасындағы байланысты күшейтуді көздейді. Ғылымды дамытуға үлес қосып жүрген барлық ғалымдарға, оқытушыларға, магистранттарға және зерттеушілерге алғыс білдіреміз. Баршаңызға табыс тілейміз! – деді облыс әкімі.

Жиында ғылымның дамуына қосқан елеулі үлестері үшін өңірдің бірқатар ғалымы марапатталды.

#СПАРТАКИАДА

# Мемлекеттік қызметшілер спорт додасында бақ сынауда

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
Жібек НҰРАХМЕТ



**Облыстағы мемлекеттік қызметшілер арасындағы XIX спартакиаданың салтанатты ашылуы өтті. Ауқымды спорттық шараға қала және аудан әкімдіктерінің қызметкерлері, облыстық басқармалар мен аумақтық департаменттердің өкілдері қатысуда.**

Дәстүрлі спартакиада мемлекеттік қызметшілер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға, ұжымдық рухты нығайтуға бағытталған. Қатысушылар әралуан спорт түрлері бойынша өзара мықтыны анықтайды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл тек жарыс емес, әріптестік байланысты арттырып, ортақ мақсатқа жұмылдыратын маңызды алаң.

Биыл додаға 230-ға жуық адам қатысып, спорттың 10 түрі бойынша бақ сынайды. Ал спартакиаданың басты ерекшелігі – ұлттық спорт түрлеріне басымдық берілуі. Алғаш рет қазақ күресі енгізілді, сонымен қатар, садақ ату мен арқан тартыс секілді дәстүрлі ойындар да жарыс көрігін қыздыра түспек.

Қазірдің өзінде шахмат пен тоғызқұмалақтан алғашқы жарыстар өтіп үлгерді. Ал алдағы күндері волейбол, баскетбол, жүзу, үстел теннисі, қазақ күресі, шағын футбол, садақ ату және арқан тартыс бойынша сайыстар ұйымдастырылады. Спартакиада мамыр айының соңына дейін жалғасады.

Айта кету керек, бұл жарыс – республикалық спартакиадаға іріктеу кезеңі. Үздік шыққан спортшылар шілде айында Маңғыстау облысында өтетін ел біріншілігінде облыс намысын қорғайды.

Елімізде спорт инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бағытты үнемі назарда ұстап, бұқаралық және кәсіби спортты дамытуға басымдық беріп отыр. Соның нәтижесінде спорт нысандарының саны артып, халықтың дене шынықтырумен айналысуына қолайлы жағдай жасалуда.

Облыста бүгінде 1628 спорт нысаны жұмыс істеп, онда 310 мыңнан астам тұрғын тұрақты түрде спортпен шұғылданады. Биыл да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып, жаңа спорт нысандары пайдалануға берілмек.

Тартысты додаға облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов қатысты. Әріптестерімен бірге волейбол ойнаған аймақ басшысы спорттың қоғам өміріндегі маңызына тоқталды.

– Мемлекеттік қызметшілер – өңірлерде мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын, кәсіби, білікті, білімді мамандар. Олар халықпен тікелей жұмыс істейтін, елге адал қызмет ететін жауапты тұлғалар. Сондықтан сіздердің жан-жақты дамуларыңыз, денсаулықтарыңыз – аса маңызды. Бүгінде салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен жүйелі түрде айналысатын мемлекеттік қызметшілердің саны жыл сайын артып келеді. Осындай іс-шаралар әріптестер арасындағы достықты нығайтып, командалық рухты арттырады. Сонымен қатар, бұқаралық спортты дамытуға да өз үлесін қосады. Баршаңызға сәттілік, жарқын жеңістер және көтеріңкі көңіл күй тілеймін! – деді аймақ басшысы.

Бас төреші Болатбек Дауымовтың айтуынша, жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып жатыр.

– Бүгінгі волейбол жарысына жалпы 240-тан астам спортшы қатысуда. Атап айтқанда, аудандардан 12 команда және департаменттер мен басқармалардан тағы 12 команда бақ сынауда. Барлық командалар жарысқа жоғары дайындықпен келген. Бұл спартакиада аясында спорттың он түрі бойынша облыстың құрама командаларын іріктеу жүріп жатыр. Өткен жылы республикалық спартакиадада облыс волейболшылары бірінші орын алған. Биылғы іріктеу де жоғары деңгейде өтіп жатыр, – деді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, алдағы күндері тартысты бәсекелер жалғасып, үздік командалар мен спортшылар анықталады.

#ТАЗАЛЫҚ

# Тұрмыстық қалдықтарды шығару мәселесі әлі де өзекті

Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
Артём ЖИГУЛИН

**Қазір қар кетіп, қыстайғы қар астындағы жатқан қоқыстар түгел көрініп қалды. Сонымен бірге қалалық жерлердегі тұрмыстық қатты қалдықтар контейнерлерінің маңында үйіліп, бей-берекет шашылып қалған қалдықтар, жарамсыз болып қалған тұрмыстық заттар да аз емес. Осы мәселеге байланысты алаңдаушылық білдірген аймақ басшысы қалалар мен аудандар әкімдеріне нақты тапсырма жүктеп, алдағы уақытта қоқыс контейнерлері уақтылы тазаланбаған әкімдіктерге нақты шаралар қолданылатынын айтты.**

Облыс басшысы атап өткендей, өңірдің бірқатар қалаларында тұрмыстық қалдықтарды уақтылы шығару мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Мониторинг барысында бірнеше елді мекенде санитарлық жағдайдың қанағаттанарлықсыз екені анықталған.

– Өскемен қаласында да бұл мәселе өткір сезілуде. Атап айтқанда, Абай даңғылы, 13а мекенжайында стихиялық қоқыс үйіндісі пайда болған. Сонымен қатар, Назарбаев даңғылы, 12/1 және 12/2 үйлерінің маңында да осыған ұқсас жағдай тіркелген. Бұл аумақтарда қоқыс тек контейнерлердің ішінде ғана емес, олардың айналасына да бейберекет тасталған. Бұл орталықтағы көшелердің жағдайы. Қаланың сыртында да жағдай мәз емес. Дәл осындай үйінділерді Тоғас көшесінің бойынан, Жаңа Ахмер ауылының аулаларынан да кездестіруге болады, – деді аймақ әкімі.

Облыстың өзге қалаларында да жағдай күрделі. Мәселен, Алтай қаласында қоқыстың уақтылы шығарылмауы салдарынан бүтіндей қоқыс алаңдары қалыптасқан.

Ал Зайсан қаласындағы Жәнібек батыр көшесінде қоқыс ұзақ уақыт бойы шығарылмағаны байқалады. Сондай-ақ, Манапов көшесі, 20 мекенжайында контейнерлер тазартылғанымен, олардың айналасы қоқысқа толып, аумақтың жалпы тазалығы сақталмаған.

Шемонаиха қаласында да санитарлық жағдай көңіл көншітпейді. Риддер қаласында да тұрмыстық қалдықтардың ұзақ уақыт жатып қалған үйінділерінің фото-фактісі тіркеліп отыр.

– Бүгінгі жиналыста сіздерге тек тұрғындардың өздері жолдаған фото-фактілер көрсетіліп отыр. Ал қалалар мен аудандардағы әлі біз білмейтіндері, тұрғындар аяғы баспаған, қоқысқа толып жатқан аулалар қаншама. Сондықтан, бұл мәселеде салғырттыққа, жалқаулыққа, аула мен көше тазалығын басқаларға артып қоюға әсте жол берілмейді. Контейнерлер иелерімен келісім жасалған, қаражаты төленген. Сондықтан нақты сұрап, талап ету қажет. Жетпесе, сөйлесіп, жүктемені арттырып, қосымша контейнер қойдырыңыздар. Істемесе, келісімді бұзып, басқасын таңдаңыздар. Жұмысты ширатыңыздар. Алда осы мәселе бойынша тағы да жиналыс өткізіліп, тазалықтың есебі сұралады. Өздеріне тиесілі аумақтар бойынша қорытынды шығармаған қалалар мен аудан әкімдері тәртіптік жауапкершілікке тартылып, тиісті шешімдер қабылданатын болады, – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.


gov.kz

Жиында көтерілген тазалық мәселесі – өңірдегі тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру қажеттігін көрсетті. Мамандардың айтуынша, қоқысты уақтылы шығару, контейнер алаңдарын күтіп ұстау және тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру – мәселені шешудің негізгі жолдары болмақ.

#ФОРУМ

# Тұрғын үй саласын тиімді басқарудың жаңа тетіктері талқыланды

✎ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
📷 Артём ЖИГУЛИН

**Облыс орталығында «TURGYNDAR AMANATY» партиялық жобасы аясында «Үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже» тақырыбында аймақтық форум өтті. Іс-шара Шығыс Қазақстан техникалық университетінде ұйымдастырылып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелерді талқылауға арналған маңызды алаңға айналды.**




Аймақтық форумға төрағалық еткен облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов бұл жиын өңірдегі түрлі сала өкілдерінің басын қосып, күн тәртібіндегі мәселеде конструктивті диалог орнатуға және нақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік бергенін атады.

– Президент Жолдауында елдегі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын, энергетика мен инфрақұрылымды басқарудың тиімді әрі ашық моделін қалыптастыру міндетін қойғаны атап өтілді. Осы бағытта «AMANAT» партиясы жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп «TURGYNDAR AMANATY» жобасын жүзеге асыруда. Жоба аясында көппәтерлі тұрғын үйлерді басқарудың тиімді тетіктерін енгізу, инфрақұрылымды жаңғырту және тұрғындардың өмір сапасын арттыру көзделген. Бүгінгі басты мақсат – тек заңнамалық өзгерістерді талқылау емес. Бұл – мүлік иелері бірлестіктері мен пәтер иелерінің кооперативтері қызметінде туындайтын нақты мәселелерге ортақ шешімдер табу. Бұл бағыттағы жауапкершілік барлығымызға ортақ. Мемлекет, партия, жергілікті атқарушы органдар және тұрғындар бірлесе жұмыс істегенде ғана нақты нәтижеге жетуге болады, – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

Осылай деген өңір басшысы форум жай ғана пікір алмасу алаңы емес, азаматтарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған нақты шешімдер қабылданатын маңызды орынға айналуы керектігін атап, тұрғын үй қатынастары саласындағы мәселелерді тереңірек талқылау мақсатында мүдделі тараптардың қатысуымен арнайы семинар өткізілгенін де жеткізді.

## ЗАҢНАМАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР САЛАҒА ТЫҢ СЕРПІН БЕРМЕК

Кездесу барысында тек заңнамалық өзгерістер ғана емес, мүлік иелері бірлестіктері (МИБ) мен пәтер иелері кооперативтерінің (ПИК) күнделікті жұмысында кездесетін нақты проблемалар да жан-жақты талқыланды.

Форумға қатысқан партия хатшысы Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, елімізде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жетілдіру бағытында заңнамалық өзгерістер қабылданып, саладағы өзекті мәселелерді шешуге арналған нақты шаралар қолға алынған.

– Өткен жылы тұрғын үй қатынастары туралы заңға енгізілген өзгерістер көпқабатты үйлерді басқару жүйесін жетілдіруге тың серпін берді. Атап айтқанда, үш деңгейлі бюджет жүйесі, мүлік иелері бірлестіктерінің және басқарушы, сервистік компаниялардың қызметі нақтыланып, олардың өзара іс-қимылы айқындалды. Бүгінде елімізде 20 мыңнан астам МИБ мен ПИК бірлестіктері жұмыс істейді. Ал көппәтерлі тұрғын үйлердің саны 2,5 миллионға жуық. Облыста көппәтерлі тұрғын үйлердің саны айтарлықтай өсті. Мәселен, былтыр 407 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Соңғы екі жылда 90 көппәтерлі тұрғын үй салынды. Облыста барлығы 3 388 көппәтерлі тұрғын үй бар, оның ішінде 415 үй – МИБ, 367 үй – ПИК, 769 баспана – ТББ құрамына кіреді. Бұл өз кезегінде МИБ және ПИК жұмысының тиімділігін арттыруды талап етеді. Осыған байланысты, бүгін осы пилоттық жобаны талқылап, алдағы бірлескен жұмысымыздың басым бағыттарын айқындау үшін жиналып отырмыз, – деді Ержан Жұматұлы.

Партия хатшысының айтуынша, «AMANAT» – нақты істердің партиясы. Бүгінде ел көлемінде жүзеге асырылып жатқан «Қарызсыз қоғам», «Ауыл аманаты», «Жер аманаты» секілді жобалар халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Сол секілді «TURGYNDAR AMANATY» да тұрғын үй саласындағы өзекті мәселелерді шешудің тиімді құралына айналмақ.

– Бұған дейін мұндай семинарлар Қарағанды, Ақмола, Павлодар және Түркістан облыстарында өткізілсе, бүгінде бұл жұмыстар Шығыс Қазақстан облысында кеңінен жалғасын табуда. Іс-шаралар өңір басшысы Нұрымбет Аманұлының қолдауымен жүзеге асырылып, жергілікті деңгейдегі проблемаларды жан-жақты талқылауға мүмкіндік беруде. Жоба аясында ПИК және МИБ төрағаларына арналған оқыту семинарлары ұйымдастырылып, тұрғын үйді басқарудың жаңа тәсілдері түсіндірілуде. Мәселен, тұрғын үйді тиімді басқару, халықтық бюджетпен жұмыс істеу, қажетті құжаттарды дұрыс рәсімдеу және заң талаптарын сақтау мәселелері кеңінен қамтылған, – деді Ержан Жылқыбаев.

## ТҰРҒЫНДАР БЕЛСЕНДІЛІГІ ДЕ АСА МАҢЫЗДЫ

Сарапшылардың пікірінше, әр өңірдегі ПИК пен МИБ қызметінде өзіндік мәселелер бар. Сондықтан оларды жүйелеп, орталық деңгейде талқылау маңызды.

– Бүгін біз тұрғын үйлердің жағдайы, лифттер мен жөндеу жұмыстары секілді мәселелерді қарастырып, әр тұрғынның ұсыныстарын тыңдауға дайынбыз. Жақында тұрғын үй қатынастары бойынша жаңа заң қабылданды. Бұл өзгерістер бұрынғы реформаларды толықтыра отырып, нақты тұрғын үй жағдайына бейімделген. Біз әр аймақтың ерекшеліктерін ескеріп, заңнаманы солай түзетіп жатырмыз. Ең басты мақсат — әр үйде басқару формасын орнатып, үйлерді тиімді қызмет көрсететін субъектілерге беру. Қазіргі тұрғын үй қоры әртүрлі және аймақтар бойынша ерекшеленеді. Сондықтан басқару тәсілдері мен тарифтер барлық үйлерге бірдей қолданыла алатындай етіп жасалуда. «TURGYNDAR AMANATY» жобасы аясында әр аймақты аралап, кері байланыс жинап, заңнама мен қолданыстағы актілерді жетілдіру үстіндеміз, – деді Парламент Мәжілісінің депутаты Екатерина Смышляева.

Депутаттың мәлімдеуінше, көбінесе проблемалар белсенділіктің жоқтығынан туындайды. Тұрғындар жиындарға қатыспайды, төлемдерді жинау қиынға соғады. Сонымен қатар басқарушы компаниялардың кәсіби біліктілігі мен мамандардың жетіспеушілігі мәселесі де бар. Тозған тұрғын үй қоры мен лифттердің жағдайын да назардан тыс қалдырмау қажет. Мұндай объектілерді жөндеуге бюджеттік субсидиялар бөлінбек.

– Заң бойынша тұрғындар тек екі міндетті төлемді төлейді – ағымдағы төлем және жинақтық төлем. Қосымша мақсатты төлемдер үйдің шешімі бойынша ғана енгізіледі. Сондықтан көпқабатты үйлерде қоғамдық мүлікті күтіп ұстау тұрғындардың міндеті болып табылады. Қазақстанда тұрғын үй-коммуналдық сектордың дамуы үшін тұрғындар мен билік арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастық маңызды, – деді Парламент Мәжілісінің депутаты.

Қатысушылар тиімді басқару үшін мемлекет, партия, жергілікті атқарушы органдар және тұрғындар арасында тығыз өзара іс-қимыл қажет екенін атап өтті.

– Біз «TURGYNDAR AMANATY» форумы аясында бас қосып отырмыз. Бұл – қазіргі қоғам үшін аса маңызды алаңдардың бірі. Өйткені, бүгінгі таңда кез келген мәселе тек айтылып қана қоймай, нақты шешімін табуы тиіс. Ал ол үшін билік пен халық бірлесіп әрекет етуі қажет. Осы тұрғыдан алғанда, аталған форум – өзара тиімді диалог орнатуға мүмкіндік беретін ерекше алаң. Мұнда бір жағынан тұрғындар мен депутаттар бірлесе отырып, өзекті мәселелерді айқындаса, екінші жағынан жергілікті билік сол түйткілдерді шешу жолдарын қарастырады. Ал «AMANAT» партиясы бұл үдерісте үйлестіруші әрі бақылаушы рөлін атқарып, барлық тараптың тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді. Мұндай үшжақты өзара іс-қимылдың нәтижесінде мәселелер тек көтеріліп қана қоймай, нақты шешімін табады. Бір үстел басында қоғам өкілдері, билік және партия мүшелері бас қосып, ортақ шешімге келуі – еліміздің дамуына оң әсер ететін маңызды қадам, – деді Өскемен қалалық мәслихатының депутаты Гүлмира Сағидуллина.

ТҮКШ саласындағы мәселелер әрдайым өзекті. Тұрғындарды алаңдататын негізгі сұрақтар қатарында – жол сапасы, аула тазалығы, инфрақұрылымның жай-күйі және жалпы өмір сүру сапасына әсер ететін факторлар бар. Бұл – әрбір азаматтың күнделікті тұрмысымен тығыз байланысты мәселелер.

– Сондықтан мұндай түйткілдерді кең ауқымда талқылап, тұрғындардың өздері де шешім қабылдау үдерісіне қатысуы аса маңызды. Әсіресе, мүлік иелері бірлестіктерін (ОСИ) құру және үйлерді тұрғындардың өздері басқаруы – қазіргі кезеңдегі негізгі бағыттардың бірі. Бұл тұрғындардың жауапкершілігін арттырып қана қоймай, өз ортасын жақсартуға деген ынтасын күшейтеді. Осы ретте партияның рөлі ерекше. «AMANAT» партиясы тұрғындар мен билік арасындағы байланысты нығайтып, нақты мәселелердің шешілуіне ықпал етуде, – деді ШҚО еңбек мобильдігі орталығының директоры, Өскемен қалалық мәслихатының депутаты Арайлым Есімбекова.

## ӨСКЕМЕНДЕГІ ҮЙЛЕРДІҢ ЛИФТІЛЕРІ ЖӨНДЕЛЕДІ

Форум жұмысына қатысқан түрлі деңгейдегі мәслихат депутаттары өз кезегінде өңірлердегі өзекті мәселелерді көтеріп, халықтың мұң-мұқтажын жеткізуді басты назарда ұстайтындарын жеткізді. Атап айтқанда, жаңа ықшамаудандардағы жол сапасы, инфрақұрылымның жеткіліксіздігі сияқты түйткілдер жиі көтерілуде.

Жұртшылық назарына «TURGYNDAR AMANATY – қалалық ортадағы жүйелік өзгерістер» атты деректі бейнеролик көрсетіліп, саладағы түйткілдер мен оларды шешуге бағытталған нақты қадамдар көпшілікке таныстырылды.

Сондай-ақ тәжірибелі мамандар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында ұзақ жыл еңбек еткен сарапшылар – «Шығыс Қазақстан облысы бойынша пәтер иелері кооперативтері қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы Гүлнар Әбішева, «Маяк» ПИК төрағасы Владимир Грицай, «Восток-39» ПИК төрағасы, Өскемен қалалық мәслихатының депутаты Алла Лоскутова көп жылдық тәжірибелеріне сүйене отырып, өз ойларын ортаға салды. Олар басқару жүйесін жетілдіру, тұрғындардың жауапкершілігін арттыру және қызмет сапасын жақсарту мәселелеріне жеке-жеке тоқталды.

Ал Өскемен қаласы әкімінің міндетін атқарушы Азамат Апахаев өңірдегі тұрғын үй қатынастары саласында атқарылып жатқан шаруалар мен алдағы жоспарларға жиналғандар назарын аударды.

– Тек Өскеменнің өзінде қазір 1800-ден аса көппәтерлі тұрғын үй бар. Мыңға жуық аула бар. Былтыр 42 аула жаңартылып, 17 ойын, 8 спорт алаңы салынды. Ендігі кезек лифтілерде. Жоба аясында Өскемендегі үйлердің жеделсатыларын да жөндейміз. Ол бойынша ағымдағы жылдың екінші жартысынан бастап жаңғырту жұмыстарын жүргіземіз. Биыл 37 аула абаттандырылады. Осы жылы аталған шаруаларға 1,3 миллиард теңге қарастырдық, – деді Азамат Асылбекұлы.

Жиын қорытындысында қатысушылар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы реформалардың дұрыс бағытта жүзеге асып жатқандығына, алайда, бұл бағытта жүйелі жұмыс пен барлық тараптың белсенді қатысуы қажеттігіне тоқталды. Көпқабатты баспаналарды тиімді басқару – тек мемлекеттік құрылымдардың ғана емес, тұрғындардың да ортақ жауапкершілігі екені баса айтылды.

Кездесу соңында мазмұнды пікір алмасу мен конструктивті диалог үшін қатысушыларға алғыс білдіріліп, партия қатарына жаңадан қабылданған азаматтарға партиялық билеттер табысталды.

Аталған форум өңірдегі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға бағытталған нақты қадам, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру жолындағы маңызды бастама ретінде бағаланды.

#ҒЫЛЫМ

# Өскемендік ғалымдар инновациялық су сүзгілерін әзірледі

**Ержан ӘБІШ**
**Ғылым және жоғары білім министрлігі**

**«Кірді сумен жуады, суды немен жуады?» деген екен түркі дәуірінің ұлы ойшылы Жүсіп Баласағұни. Расында да су ластанса, оны немен тазартамыз? Таза су – тіршіліктің негізі, әсіресе экологиялық жүктемесі жоғары өңірлер үшін аса маңызды мәселе. Осы бағытта С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ғалымдары ерекше шешім ұсынып отыр: олар қайта өңделген өсімдік және ауыл шаруашылығы қалдықтарынан жасалатын экологиялық таза инновациялық сүзгіні әзірледі. Қазіргі кезде жоба сертификаттау кезеңінде, ал алдағы уақытта өнім коммерциялық негізде өндіріске шығарылмақ.**



С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ғалымдары тұрмыстық және өнеркәсіптік мақсатта қолдануға арналған қауіпсіз материалдар мен қайта өңделген қалдықтар негізінде инновациялық сүзгілерді әзірледі.

Мемлекет басшысы ағынды суларды тазарту инфрақұрылымын жаңғыртудың және су айдындарының ластану мәселесін шешудің маңызын бірнеше рет атап өткен болатын. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында университет ғалымдары ауызсудың сапасын арттыруға және су ресурстарын тиімді тазартуға бағытталған жаңа технологияларды әзірлеуде.

«Су объектілерін тазартуға арналған композициялық сүзгі материалдарын өндіру» жобасы – экологиялық тұрғыдан тиімді шешімдерді ұсынуға және отандық өндірісті дамытуға бағытталған маңызды бастама. Жоба аясында биополимерлер, керамикалық және көміртекті материалдар негізінде графит оксидімен модификацияланған сүзгі сорбенттері жасалуда. Бұл материалдар суды түрлі қоспалар мен зиянды заттардан тиімді тазартуға мүмкіндік береді.

Сүзгілерді өндіру толықтай университет базасында жүзеге асады: мұнда картридждер жиналады, сүзгі корпустары дайындалады және дайын өнім сынақтан өткізіледі.

Жобаның негізгі ерекшелігі – сүзгі картридждерін жасау үшін өсімдік және ауыл шаруашылығы қалдықтарын пайдалану. Бұл әдіс экологиялық қауіпсіз әрі өндірістік қалдықтарды қайта өңдеуге мүмкіндік береді. Жұмыс үшін арнайы жабдық – сапалы сүзгі корпустарын жасауға мүмкіндік беретін термопластавтомат сатып алынған.

Зерттеу нәтижелері бойынша тұрмыста қолдануға арналған суды үш сатылы тазартатын құрылғы әзірленбек. Қажетті сертификаттар алынғаннан кейін өнімді нарыққа шығару көзделіп отыр.

– Бұл коммерциялық жобаның негізгі мақсаты – су тазартуға арналған сүзгі фильтрлерін әзірлеу және өндіру. Жоба аясында сүзгілердің сыртқы корпусы мен ішкі картридждері толықтай өзімізде дайындалады. Жобаның басты ерекшелігі – сүзгі картридждерін дайындауда қолданылатын материалдар. Әдетте, мұндай сүзгілерде көмір қолданылады, мысалы, «Барьер», «Аквафор» сүзгілерінде. Ал біз көмірді өсімдік және ауыл шаруашылығы қалдықтарын карбонизациялау арқылы аламыз. Яғни, табиғи қалдықтарды қайта өңдеп, одан экологиялық таза сүзгі материалы жасаймыз. Бұл сүзгілер негізінен тұрмыстық мақсатта, яғни үй жағдайында қолдануға арналған. Қазір жобаның патенттері бар. Ендігі кезеңде өнімді сертификаттау жұмыстары жүргізілуде. Сертификат алынғаннан кейін өнімді келісімшарттар негізінде сатуды жоспарлап отырмыз, – дейді С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD доктор Тілек Қуанышбеков.

#ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

# Жоғары білім:

## *тиімсіз бағдарламалар жабылды*

**Дмитрий ЧЖАН, Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ**

**Елімізде жоғары білім беру жүйесін ауқымды реформалау жалғасуда: еңбек нарығында сұранысқа ие емес немесе бірін-бірі қайталайтын 700-ден астам білім беру бағдарламасы жабылды. Олардың орнына заманауи технологиялар мен экономиканың қажеттіліктеріне бағытталған жаңа бағыттар енгізілуде.**

Бұл мәселе Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессор-оқытушылар құрамының кеңейтілген отырысында талқыланды. Күн тәртібінде білім беру бағдарламаларын оңтайландыру және жасанды интеллект, деректерді талдау, биоинженерия, «ақылды» ауыл шаруашылығы және EdTech сияқты 21 басым бағытқа көшу мәселелері сөз болды.

– Біздің университет заман талабына тез бейімделіп келеді. Біз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның сөзін толық қолдаймыз, осы бағыттағы жұмыстарды бастап кеттік. Өздеріңіз білесіздер, Шығыс Қазақстанда ірі өндірістік кәсіпорындар орналасқан. Сол компаниялардың өкілдері базалық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысуда. Қандай негізгі құзыреттер білім беру бағдарламаларында болуы керектігін солар жақсы біледі. Сондықтан біз 25 бағдарлама бойынша қабылдауды тоқтаттық, ал 13 бағдарлама толықтай жабылды, – деді С. Аманжолов атындағы ШҚУ ректоры Мұхтар Төлеген.

Университеттің академиялық саясат департаментінің директоры Ержан Домалатовтың айтуынша, ел бойынша 700-ден астам бағдарлама жабылған. Өткен жылы университетте 13 бағдарлама тоқтатылса, биыл тағы 25 бағдарламаға қабылдау уақытша тоқтатылған. Ал 2026 жылы тағы 13 бағытты жабу жоспарланып отыр.

Олардың орнына университет «Бизнес-аналитика және Digital-маркетинг», «Орман ресурстары және аңшылық шаруашылығы» сияқты сұранысқа ие жаңа мамандықтарды ашуда.

Ержан Домалатовтың сөзінше, негізгі мақсат – тек диплом беру емес, еңбек нарығы талаптарына сай келетін білікті мамандар даярлау. Сол үшін білім беру бағдарламаларының мазмұны салалық серіктестермен тығыз байланыста қайта қаралуда.

Жүргізіліп жатқан реформа білім беру бағдарламаларының шамадан тыс көптігі және олардың тәжірибелік бағыттылығының әлсіздігі сияқты бұрыннан келе жатқан мәселені шешуге бағытталған. Нәтижесінде жоғары білім беру жүйесі икемді, заманауи әрі еңбек нарығының нақты сұраныстарына бейімделген жүйеге айналуы тиіс.

#ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ: VR & DRONE

# Өскеменде жастар технология мен дәстүрді тоғыстырды

**Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ**
**Махаббат АХМЕТЖАНОВА**

**2026 жыл Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жарияланды. Осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі – Digital Nauryz платформасының іске қосылуы. Бұл жоба елдегі технологиялық өзгерістер мен цифрлық трансформацияның айқын символына айналып отыр.**



Осы орайда Өскеменде өткен «Ұлы дала ойындары: VR & Drone» командалық сайысы – Nauryz Digital апталығының ең ерекше әрі ауқымды шараларының бірі. Аталған додада заманауи технология мен ұлттық ойындардың рухы үйлесіп, жастарға мүлде жаңа формат ұсынылды.

Сайысқа Шығыс өңірінің IT қауымдастығына біріккен жастар жиналып, командалар арасында тартысты бәсеке өтті. Қатысушылар дрон жарыстары мен VR-симуляторлар арқылы өз шеберліктерін сынады. Бұл жерде жылдамдық, дәлдік және командалық үйлесім басты назарда болды.

Жарыс барысында әр команда тек техникалық қабілеттерін ғана емес, логикалық ойлау, шешім қабылдау және бірлесе жұмыс істеу дағдыларын да көрсетті. Дрондарды басқару мен виртуалды ортада бағыт табу қатысушылар үшін қызықты әрі тәжірибелік маңызы зор тапсырмаларға айналды.

Аталған сайысты Rating, Oskemen Hub және Шығыс Қазақстан облысының цифрландыру және архивтер басқармасы бірлесіп ұйымдастырды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жобалар жастардың технологияға қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларды жаңа бағыттарға жетелейді.

Жоба менеджері Андрей Охотенко дрон технологиясының мүмкіндігіне ерекше тоқталды.

– Дрондар 10 жылдан астам уақыттан бері кең қолданыста бар. Бірақ оларды пайдалану бағыттары әлі де толық ашылған жоқ. Қазір жастар түрлі ойындар арқылы қиялын дамытып, тіпті біз ойламаған жаңа мүмкіндіктерді тауып жатыр. Негізі, дрондарды қолдануға шектеу жоқ – оларды кез келген салада пайдалануға болады. Тек ең бастысы – заңды сақтау қажет. Өйткені шағын дрон болсын немесе үлкен ұшақ болсын, заң алдында айырмашылық жоқ. Басқаша айтқанда, дронды басқару да авиация талаптарына сай реттеледі, – деді менеджер.

Апта бойы өңірде IT саласына қатысты бірқатар іс-шаралар өтті. Хакатон ұйымдастырылып, жастар өз жобаларын таныстырды. Қорытынды кезең – Hackathon Pitch Day барысында мектеп оқушылары үздік идеяларын қорғап, қаржылай сыйлықтарға ие болды.

Сонымен қатар білім беру бағыты да назардан тыс қалмады. Жасанды интеллект бойынша 35 мұғалім арнайы оқытудан өтіп, жаңа технологияларды оқу процесіне енгізу жолдарын меңгерді.

Балаларға арналған «AI Lab Наурыз» және «Drone Lab Наурыз» жобалары жүзеге асырылып, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне дронды басқару, оны қауіпсіз әрі тиімді қолдану тәсілдері үйретілді.

#КОНФЕРЕНЦИЯ

# Аға буынның ақылы мен өмірлік тәжірибесі әрқашан маңызды

Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
Нелли АХМЕРОВА

**Шығыс Қазақстан облыстық ардагерлер кеңесінің IX есептік-сайлау конференциясы өтіп, аға буын өкілдерінің соңғы бес жылдың көлемінде атқарған жұмыстары жан-жақты сараланды.**



Маңызды жиынға ардагерлер ұйымдарының делегаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, қоғам белсенділері қатысып, өткен бес жылдағы нәтижелерді қорытындылап, алдағы кезеңнің басым бағыттарын айқындады.

Конференцияда атап өтілгендей, соңғы бес жыл ішінде ардагерлер ұйымы өңірдегі қоғамдық тұрақтылық пен бірлікті нығайтуға, ұрпақтар сабақтастығын жалғауға, жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге зор үлес қосты.

Бұл жұмыстар облыс әкімдігімен және жергілікті атқарушы органдармен тығыз өзара іс-қимыл негізінде жүзеге асырылды. Осы орайда, аймақтың аға буын өкілдері атынан облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановқа ардагерлерге көрсеткен қолдауы мен қамқорлығы үшін ерекше алғыс білдірілді.

– Есепті кезең ел тарихындағы маңызды саяси өзгерістермен тұспа-тұс келді. Конституциялық реформалар, Президент бастамалары және әлеуметтік-экономикалық жаңғыру үдерістері ардагерлер ұйымының жұмыс бағыттарын айқындады. Кеңес өз қызметін мемлекеттік саясатты түсіндіру, қоғамдық келісімді сақтау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және халықпен тұрақты байланыс орнату негізінде жүргізді. Бүгінде облыстық ардагерлер ұйымы 13 қалалық және аудандық кеңесті, 471 бастауыш ұйымды біріктіреді. Жалпы есепте 125 мыңнан астам ардагер бар. Олардың қатарында Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері, еңбек ардагерлері және басқа да санаттағы азаматтар қамтылған. Өкінішке қарай, уақыт өткен сайын соғыс ардагерлерінің қатары азайып келеді, – деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Айтқазы Шерубаев.

Конференция барысында есепті кезеңде өмірден өткен ардагерлерге құрмет көрсетіліп, олардың жарқын бейнесі бір минут үнсіздікпен еске алынды. Солардың бірі – таяуда ғана арамыздан кеткен Ұлы Отан соғысының және ішкі істер органдарының ардагері Құрмат Рахимов. Майдангер тірі болғанда, екі айдан соң 102 жасқа толар еді.

Ардагерлер кеңесінің қызметі жүйелі жоспар негізінде жүзеге асырылып келеді. Соңғы бес жылда 5 пленум, 25 президиум отырысы өткізіліп, онда 50-ден астам өзекті мәселе қаралды. Атап айтқанда, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының қызметі, сондай-ақ Президент Жолдауларын іске асыру мәселелері кеңінен талқыланды.

Аға буын өкілдері елдегі қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласып, сайлау науқандары мен республикалық референдумдарға қатысты. Көптеген ардагерлер сайлау комиссияларының құрамында жұмыс істеп, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Бұл олардың азаматтық жауапкершілігі мен қоғамдық белсенділігінің жоғары екенін көрсетеді.

– Жастарды патриоттық тәрбиелеу – ардагерлер ұйымының негізгі бағыттарының бірі болып қала береді. Әсіресе, Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өту аясында ұйымдастырылған іс-шаралар кең ауқымда өтті. Ардагерлер мен жастардың кездесулері, «Ерлік – елге мұра» тақырыбындағы тәрбиелік сағаттар, фестивальдер мен байқаулар жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға зор ықпал етті. Сонымен қатар, 2024 жылдан бастап «Әжелер алқалары» құрылып, олар ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отбасылық тәрбие мен рухани сабақтастықты нығайту бағытында белсенді жұмыс жүргізуде. Әжелер алқалары түрлі кездесулер, мәдени іс-шаралар өткізіп, жастарға тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқаруда, – деді өзінің бес жылдық есепке арналған ауқымды баяндамасында Айтқазы Сейітұлы.

Ардагерлерді әлеуметтік қолдау мәселесі де басты назарда. Жалғыз тұратын және көмекке мұқтаж қарттарға әлеуметтік қызметкерлер арқылы тұрақты көмек көрсетіліп келеді. Қазіргі уақытта облыста 3500 жалғыз тұратын ардагерге үйден әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Оларға 600 әлеуметтік қызметкер бекітілген.

Санаторийлер мен оңалту орталықтарында мыңдаған ардагер денсаулығын нығайту мүмкіндігіне ие болуда. Бұл бағыттағы жұмыстар жергілікті билік пен әлеуметтік мекемелердің үйлесімді әрекетінің нәтижесі.

Соңғы жылдары ардагерлердің белсенді өмір салтын ұстануына ерекше көңіл бөлініп отыр. Түрлі спорттық жарыстар, шығармашылық байқаулар, мәдени іс-шаралар олардың қоғам өміріне белсенді араласуына жол ашуда. «Белсенді ұзақ өмір» жобасы аясында мыңдаған ардагер жаңа дағдыларды меңгеріп, өз уақытын тиімді өткізуде.

Ардагерлер экологиялық бастамаларға да белсенді қатысып келеді. «Таза Қазақстан» акциясы аясында олар қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау бағытында үлгі көрсетіп, жастарға экологиялық мәдениетті қалыптастыруда.

Конференция барысында облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов аға буын өкілдерінің ел дамуына қосқан өлшеусіз үлесін ерекше атап, бүгінгі Қазақстанның қол жеткізген жетістіктері мен толағай табыстары ардагерлердің қажырлы еңбегі мен ел ішіндегі берекелі бірлік пен ырысты ынтымақтың нәтижесі екенін жеткізді.

– Өздеріңізге мәлім, биыл 15 наурызда өткен республикалық референдумда халқымыз ауызбіршілік пен отаншылдықтың айқын үлгісін көрсетіп, Мемлекет басшысының ауқымды саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларына қолдау білдірді. Бұл – ел азаматтарының жарқын болашаққа деген сенімінің нақты көрінісі. Әсіресе, шығысқазақстандықтардың жоғары белсенділігін ерекше мақтанышпен атап өткім келеді. Ел бірлігі мен тәуелсіздіктің, егемендіктің символына айналған жаңа Халық Конституциясының қабылдануы – халқымыздың ортақ жауапкершілігі мен ынтымағының нәтижесі. Дауыс берушілердің елеулі бөлігін құраған аға буын өкілдерінің азаматтық белсенділігіне шынайы ризашылығымды білдіремін. Айтқазы Сейітұлы жалпыұлттық коалицияның облыстық штаб мүшесі ретінде сіздермен бірге ауылдық елді мекендерде кең көлемде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Осындай жауапты кезеңде сіздер елге үлгі болып, ұрпақ қамы мен мемлекет болашағы үшін үлкен жауапкершілік таныттыңыздар, – деді аймақ басшысы.



Сонымен қатар, аймақтың бүгінгі даму қарқынына тоқталып, өңірде білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет салаларында жаңа нысандар салынып жатқанын, жұмыс орындары ашылып, инфрақұрылым жаңарып жатқанын айтты. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына заманауи технологиялар енгізіліп жатқанын атап өтіп, осы істердің барлығында ардагерлердің ақыл-кеңесі мен қолдауы маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

– Өңірімізде жаңа мектептер мен ауруханалар, мәдени нысандар салынуда, жаңа жұмыс орындары ашылып, инфрақұрылым қарқынды дамуда. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына заманауи технологиялар енгізілуде. Осы игі істердің барлығында сіздердің ақыл-кеңестеріңіз, беделдеріңіз бен қолдауларыңыз аса маңызды рөл атқарып келеді. Ардагерлер қауымының белсенділігі өңіріміздің республикалық референдумда жаңа Конституцияны қолдау деңгейі бойынша алдыңғы қатардан көрінуіне үлкен ықпал етті. Құрметті ардагерлер! Барша облыс тұрғындарының және өз атымнан сіздерге белсенді азаматтық ұстанымдарыңыз үшін, ел өміріндегі маңызды сәттерде әрдайым қолдау білдіріп, өзгелерге үлгі болғандарыңыз үшін шынайы алғысымды білдіремін. Сіздерге зор денсаулық, бейбіт өмір, отбасы мен ұрпақтарыңыздың амандығын тілеймін, – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

Конференция барысында күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі – облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасын сайлау болды. Бұл ретте өңір басшысы осы уақытқа дейін кеңесті абыроймен басқарып келген Айтқазы Сейітұлының кандидатурасын ұсынып, оны қолдауға шақырды.

– Айтқазы Сейітұлы – мол өмірлік тәжірибесі, іскерлігі және қоғамдағы жоғары беделімен танылған азамат. Оның алдағы уақытта да сіздермен бірге нәтижелі еңбек етіп, жас ұрпаққа үлгі боларына сенімдімін. Осыған байланысты, Айтқазы Сейітұлының кандидатурасын қолдауға шақырамын. Сіздер де бұл ұсынысты қолдайды деп сенемін, – деді жиында Нұрымбет Аманұлы.

Ұсыныс жиынға қатысушы делегаттар тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Конференция барысында ұйымның алдағы міндеттері де айқындалды. Алдағы кезеңде ардагерлер қозғалысын жаңғырту, жастармен байланысты күшейту, әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіру және ұйым қызметінің тиімділігін арттыру басты назарда болмақ.

Жиын соңында ардагерлер кеңесінің қызметіне қолдау көрсеткен мемлекеттік органдарға, серіктес ұйымдарға алғыс айтылып, қалалар мен аудандардағы қызметін аяқтаған төрағаларға құрмет көрсетілді. Ал жаңадан сайланған құрамға үлкен сенім білдірілді.

#БРИФИНГ

# Ерте анықталған дертті емдеу әлдеқайда тиімді

Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

**Шығыс Қазақстан облысында онкологиялық қызметтің негізгі басымдықтары – профилактика, скрининг және ауруды ерте кезеңде анықтау. Мамандардың айтуынша, дәл осы бағыттар қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітімді төмендетудің ең тиімді жолы болып саналады.**

2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы өңірдегі онкологиялық қызметтің бірқатар маңызды көрсеткіштері бойынша оң динамиканы көрсетіп отыр. Соңғы жылдары профилактикалық жұмыстарды күшейту, скринингтік тексерулердің қолжетімділігін арттыру және ерте диагностика жүйесін жетілдіру нәтижесінде өлім-жітім көрсеткіші төмендеген. Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысы ерте диагностика үлесі бойынша еліміздегі өңірлер арасында үшінші орында тұр.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ШҚО денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас онкологы Гүлмира Сағидуллина мәлімдеді. Оның айтуынша, өлім-жітім көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 103,3-тен 95,1-ге дейін төмендеп, 7,9%-ға азайған. Сонымен қатар ерте диагностиканың үлесі 34,2%-дан 34,4%-ға дейін өскен.

Сондай-ақ қатерлі ісіктерді ерте анықтау деңгейі 34,2 пайыздан 34,4 пайызға дейін өскен. Бұл республика бойынша ең жоғары деңгейлердің бірі болып саналады.

Өңірдегі скринингтік бағдарламалардың нәтижелері де назар аудартады. Мәселен, колоректалды обырды ерте анықтауға бағытталған тексерулер саны едәуір артқан. Егер өткен кезеңде 7 136 адам тексерілсе, биыл бұл көрсеткіш 24 102 адамға жетіп, 3,4 есеге өскен. Сонымен қатар эндоскопиялық қосымша тексеруден өткен пациенттер саны 43-тен 541 адамға дейін көбейген.

Скринингтің екінші кезеңін толық аяқтаған азаматтардың үлесі де айтарлықтай артқан. Бұрын бұл көрсеткіш 24,6 пайыз болса, қазір 60,3 пайызға жеткен. Ал обыр алды жағдайларын анықтау 12 жағдайдан 125 жағдайға дейін өсіп, он еседен астам көбейген. Бұл деректер профилактикалық тексерулердің тиімділігін және тұрғындардың скринингке қатысу белсенділігінің артқанын көрсетеді.

Жатыр мойны обыры бойынша жүргізілетін скрининг те оң нәтижелер беруде. Тексерулер саны 12 659-дан 14 959-ға дейін өсіп, 18,2 пайызға артты. Жылдық жоспар бойынша қамту деңгейі 31,3 пайыздан 41,4 пайызға дейін жетті. Сонымен қатар анықталған обыр алды жағдайлары 139-дан 329-ға дейін көбейген. Бұл скринингтің негізгі мақсаты – аурудың алдын алу және оны ерте кезеңде анықтау екенін дәлелдейді.

Облыстың бас онкологы Гүлмира Сағидуллина атап өткендей, өңірдегі онкологиялық скринингтердің екінші кезеңі толықтай Шығыс Қазақстан облыстық көпсалалы онкология және хирургия орталығының базасында орталықтандырылған. Қосымша тексеруді қажет ететін барлық пациенттер дәл осы орталыққа жіберіледі. Мұндай жүйе диагностиканың сапасын арттырып, диагнозды уақтылы нақтылауға және науқастарды емдеуге жедел бағыттауға мүмкіндік береді.

Профилактикалық жұмыстардың маңызды бағытының бірі – ашық есік




күндері. 2026 жылдың бірінші тоқсанында облыста үш рет осындай шара ұйымдастырылып, оған 2 850 адам қатысқан. Тексеру барысында 17 адамда қатерлі ісікке күдік анықталып, 101 тұрғыннан обыр алды өзгерістер табылған. Қазіргі уақытта олардың барлығы қосымша тексеруден өтуде.

Мұндай қабылдаулар тек облыс орталығында ғана емес, шалғай аудандар тұрғындары үшін де қолжетімді болуына ерекше мән берілуде. Ай сайын өткізілетін ашық есік күндеріне өңіріміздің шалғай аудандарынан, мәселен, Катонқарағай, Күршім, Алтай сияқты аудандардан тұрғындар арнайы келіп тексеріледі.

– Жуықта ашық есік күні өтетінін естіген күршімдік ерлі-зайыптылар арнайы келген. Ашық есік күні әйелдердің диагнозына қатысты ұйымдастырылғанына қарамастан, біз ер адамды да қабылдап, ол кісіні онколог-уролог маман тексерді. Тағы бір маңызды ақпарат, биылдан бастап скринингтен барлық азаматтар, сақтандырылу мәртебесіне қарамастан өте алады. 11 сәуірде Алтай ауданынан келген әйелдер үшін арнайы әйелдер чекапы ұйымдастырылады, – деді Гүлмира Сағидуллина.

Мамандардың пікірінше, профилактикалық тексерулер нақты нәтижесін көрсетіп отыр. Скрининг барысында көптеген аурулар бастапқы кезеңінде анықталып, науқастарға дер кезінде медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік берілуде.

Жалпы алғанда, өңірде онкологиялық қызметті дамыту, халықтың скринингтік бағдарламаларға қатысуын арттыру және заманауи диагностикаға қолжетімділікті кеңейту бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Сарапшылардың айтуынша, онкологиялық аурулармен күресте ең маңызды қағида өзгермейді: ауру неғұрлым ерте анықталса, оны емдеу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

#«AMANAT»

# Өңірдегі партия активіне жаңа талап қойылды

**Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ**
**Артём ЖИГУЛИН**

**Өскемен қаласында «AMANAT» партиясы облыстық филиалының кезектен тыс XXXVI конференциясы өтті. Ауқымды жиынға аудандық және қалалық филиалдардан сайланған 175 делегат қатысып, өңірдегі партия жұмысының нәтижелері мен алдағы кезеңнің басым бағыттары талқыланды.**



Конференция барысында партияның 2023–2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуы жан-жақты қаралды. Облыстық филиал өкілдерінің айтуынша, Жол картасы аясында жоспарланған жұмыстардың басым бөлігі орындалған.

Облыстық филиал төрағасының орынбасары Аманбай Нүркенов өңірдегі атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Өткен жылдың қорытындысы бойынша 2025 жылға жоспарланған 90 тармақтың 85-і орындалды. Жалпы, 2023 жылдан бері 21 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 56 мыңнан астам жұмыс орны құрылды. Қаржылық қолдау шараларымен 10 мыңнан астам кәсіпкер қамтылды, – деді ол.

Спикердің айтуынша, соңғы үш жылда әлеуметтік және инфрақұрылымдық бағытта айтарлықтай ілгерілеу бар. Атап айтқанда, өңірде жаңа мектептер мен балабақшалар салынып, денсаулық сақтау нысандары ашылған, жолдар жөнделіп, туризм саласы дамып келеді.

Сонымен қатар, «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Қарызсыз қоғам» жобалары да өңірде тиімді іске асырылып жатыр. Бұл бастамалар халықтың әл-ауқатын арттыруға нақты ықпал етуде.

Дегенмен, кейбір жобалардың мерзімінде аяқталмауы да айтылды.

– Жоспарланған кейбір жобалардың уақытында іске аспауы – біз үшін сабақ. Әрбір бастама толық аяқталғанға дейін қатаң бақылауда болуы тиіс, – деп атап өтті Аманбай Нүркенов.

Конференцияның маңызды шешімдерінің бірі – облыстық филиал төрағасын сайлау болды. Делегаттардың қолдауымен бұл қызметке Жанат Мекеева тағайындалды. Ол Самар ауданына қарасты Самар ауылында дүниеге келген. Еңбек жолында денсаулық сақтау, білім беру салаларында, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппаратында қызмет атқарған. Облыстың ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары болған. Кейін осы басқарманың басшысы қызметін де атқарды. Сондай-ақ облыс әкімінің кеңесшісі болып жұмыс істеген.

Жиынға арнайы қатысқан «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев еліміздегі саяси өзгерістер мен партияның алдағы міндеттеріне кеңінен тоқталды.

– Алдағы кезеңде жаңа саяси өзгерістер күтілуде. Парламенттік жүйе мен партиялық тізімдерге қатысты жаңғырулар саяси бәсекелестікті күшейтеді. Осыған байланысты партияның облыстық активі халықпен жұмысын одан әрі жандандырып, үгіт-насихат пен түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізуі қажет. Электоралдық науқанға дайындық нақты жоспармен іске асып, тұрақты бақылауда болуға тиіс. Ұйымдастыру жұмыстары сапалы деңгейде атқарылып, партия қатарын күшейту басты назарда болады. Партияның әрбір өкілі өз жұмысын жауапкершілікпен атқарып, халық алдындағы уәделердің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Халықпен бірге болу – біздің негізгі қағидамыз, – деді ол.

Партия хатшысы қоғам алдындағы жауапкершілік мәселесіне ерекше тоқталды.

– Қоғам бізден әділдік пен жауапкершілікті күтеді. Сондықтан партия өз міндеттеріне немқұрайлы қараған, халық сенімін ақтамаған кейбір мәслихат депутаттарының қызметіне әділ баға береді. Бұл тек жазалау емес, ең алдымен жауапкершілікті арттыруға бағытталған шара. Партиялық жобалар халықтың кең қолдауына ие болып, нақты нәтижесін беріп келеді. Мемлекет басшысы өз Жолдауларында партия бастамаларын ерекше атап өтіп, лайықты бағасын беріп отыр. Бұл біз үшін үлкен абырой әрі зор жауапкершілік, – деді Ержан Жылқыбаев.

Бұдан бөлек, партия хатшысы еліміздегі саяси реформаларды да айтты.

– Бүгінде елімізде түбегейлі өзгерістер кезеңі жүріп жатыр. Кеше ғана конституциялық реформа осы өзгерістердің негізінде қабылданды. Референдум қорытындысы бойынша дауыс беруге қатысқан азаматтардың сексен жеті пайызы өздерінің ел болашағы үшін дауыс берді деп ойлаймыз. Шығыс қазақстандықтар да шетте қалмай жоғары азаматтық белсенділік танытты. Халықтың сексен алты пайызы қатысса, жалпы республика бойынша бұл үшінші орын. Соның ішінде тоқсан бір пайызы жаңа Конституцияны қолдап дауыс берді. Бұл Президент бастамашы болған саяси реформаларға халықтың кең қолдау білдіріп отырғанының айқын көрінісі. Енді Конституция бірінші шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді, – деді Ержан Жылқыбаев.

Конференция барысында алдағы сайлау науқандарына дайындық, кадрлық резервті қалыптастыру, қоғамдық бақылауды күшейту және халықпен кері байланысты арттыру мәселелері де кеңінен талқыланды.

Жиын қорытындысында өңірдегі партия жұмысына жаңа серпін алатыны, алдағы кезеңде нақты нәтижеге бағытталатыны атап өтілді.

#БАЙҚАУ

# Вокал өнерінің жаңа жұлдыздары танылды

**Серік ҚҰСАНБАЕВ**
**Артём ЖИГУЛИН**

**Шығыс Қазақстан облыстық Білім басқармасы мен ағайынды Абдуллиндер атындағы өнер училищесінің мұрындық болуымен 2026 жылғы 31 наурыз – 3 сәуір аралығында халық әртістері, қазақ вокал өнерінің көрнекті өкілдері Ришат пен Муслим Абдуллиндердің туғанына 110 жыл толуына арналған вокалистердің өңіраралық байқауы басталды.**



Ағайынды Абдуллиндер Қазақстандағы кәсіби вокалдық орындаушылық өнердің негізін қалаушылардың бірі болып саналады.

Олар халық композиторлары мен қазақтың халық әндерін алғаш рет дуэтпен орындап, классикалық репертуарды кеңінен насихаттап, ұлттық вокал мектебінің дамуына зор үлес қосқан өнерпаздар.

Абдуллиндер шығармашылығы бүгінгі күні де жоғары орындаушылық шеберліктің және өнерге деген адалдықтың символы болып табылады.

Бұл байқауда Қазақстанның түрлі өңірлерінен келген 32 солист және 4 вокалдық ансамбль сахна төріне шығып, көрермендерге 36 конкурстық өнер көрсететін болады.

Олардың қатарында Өскемен, Алматы, Астана, Шымкент, Павлодар және Қызылорда қалаларының музыкалық колледждері мен мамандандырылған оқу орындарының студенттері бар.

– Іс-шараның негізгі мақсаттары мен міндеттері – Академиялық вокал өнерін қолдау және дамыту, жас таланттарды анықтап, олардың орындаушылық кәсіби деңгейін арттыру және мәдени мұраны сақтау. Сонымен қатар, жастардың классикалық өнерге деген қызығушылығын арттыру. Осы байқау халыққа жаңа есімдерді танымал етіп, еліміздегі академиялық вокал өнерінің дамуына елеулі үлес қосады деп сенеміз, – дейді училище директоры Әлмира Дүсіпова.

Аталмыш байқау ағайынды өнерпаздар құрметіне бес жылда бір өткізіліп тұратын көрінеді. Биылғы байқау Абдуллиндердің 110 жылдық мерейтойларына тұспа-тұс келген екен.

Өнер байқауының салтанатты ашылуы училище шәкірттерінің концертіне ұласты.

Өңіраралық вокалистер байқауының қортындысы жарияланды.

**«Ерлер дауысы» номинациясы бойынша лауреаттар:**

I орын – Бейбарыс Қыдырханов (Өскемен қаласы, Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі).

II орын – Мейрамбек Салқынбек (Алматы қаласы, П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі), Алинұр Бабиев (Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі).

III орын – Әмір Байұзақ (Астана қаласы, К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің колледжі), Даниял Таңатар (Шымкент қаласы білім басқармасының Музыкалық колледжі), Арман Смағұлов (Астана қаласы, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің колледжі).

Арнайы жүлде – Дияр Умирбеков (Алматы қаласы, П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі) – ағайынды Абдуллиндердің репертуарынан шығарманы үздік орындағаны үшін.

**«Әйелдер дауысы» номинациясы бойынша лауреаттар:**

I орын – Ақжан Бауыржанқызы (Қызылорда қаласы, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі).

II орын – Әсия Дәулетқали (Павлодар қаласы, Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат кешені), Дариға Закарбекова (Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі).

III орын – Жансая Чалтабай (Алматы қаласы, Жүсіпбек Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжі), Дильназ Жеңісбекова (Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі), Ақтоты Бекмұхамед (Алматы қаласы, Жүсіпбек Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжі).

**«Вокалдық ансамбль» номинациясы бойынша лауреаттар:**

I орын – Бейбарыс Қыдырханов, Алинұр Бабиев (Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі).

II орын – Әсия Дәулетқали, Айгерім Ниғметолла (Павлодар қаласы, Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат кешені).

III орын – Лия Молдашева, Дияр Умирбеков (Алматы қаласы, П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі).

#ӨНЕР

# Өскеменнің көгінде күмбірледі күй кеші



**Серік ҚҰСАНБАЕВ**
**Жалғас САКАДИЕВ**

**Қазақ халқының күй өнері – көне заманнан бабадан балаға мирас боп қалған аса құнды жәдігер. Сахараның үні саналатын осы бір киелі мұраға бүгінгі таңда жас ұрпақтың қызығушылық танытып, уақыт өткен сайын жетілдіріп, түрлендіріп жатқандығы қуанарлық үрдіс.**

Ағайынды Абдуллиндер атындағы өнер училищесінің тәлім алушылары Әлинұр Нұрланов, Жансая Серікханова және Айханым Сағидолла сынды жас күйшілер қала тұрғындары мен мектеп оқушыларына арнап «Күй қазына – ел мұрасы» атты жеке концерттерін ұсынды.

Кеш барысында қазақ күй өнері майталмандарының озық туындылары орындалып тыңдармандардың зор қошеметіне бөленді.

– Бұл кештің басты мақсаты – бір кездері Шығыс өңірінде елеусіз, ескерусіз тіпті қолдаушысыз тасада қалып қойған қазақтың күй өнерін ел арасына насихаттау. Мектеп оқушыларының домбыра аспабына, күй өнеріне деген қызығушылығын арттырып, болашақта бойларында талабы бар жас өнерпаздардың талантарын ұштау,– дейді өнер училищесінің оқытушысы, дәулескер күйші Шалқар Рысхан.

Әдемі жабдықталған қазақы киіз үйдегі дөңгелек үстел басына жайғасқан жас өнерпаздар тыңдаушыларымен еркін форматта ашық-жарқын әңгімелесе отырып, орындайтын туындыларының шығу тарихы мен авторларының өмірбаяндарына дейін әңгімелей отырып күй өнеріне қызығушылық таныта келген көрермендерге өз өнерлерін паш етті.

Жас күйшілердің өнерлеріне разы болған көрермен орындалған әр туындыға ду-ду қол шапалақтап, сахнаны гүлге бөледі.

Бүгінгі күй кеші өте тартымды әрі әсерлі болды. Қаншама күйдің шығу тарихына қанығып, авторларының өмірбаяндарымен таныстық.

Ән тыңдап, күй тыңдап, көңіліміз көтеріліп қалды.

Жас өнерпаздардың көрерменмен, сондай-ақ, өзара емін-еркін әңгімелесе отырып жүргізген кештері де ерекше болды. Осындай өнерпаз ұрпағымыз барда – қазақтың күй өнері мәңгілік жасай беретіндігіне еш күмәнданбаймыз.

– Жастарымыздың өнерлері өрге басып, мерейлері үстем бола берсін! – дейді көрермендердің бірі Ахмер ауылынан келген Нәзира есімді көрермен.

#МЕРЕЙТОЙ

# Ұлт көсемінің мұрасы – ұрпаққа өнеге

**Ержан ӘБІШ**

**Пушкин атындағы облыстық кітапханада ұлт тарихындағы ұлы тұлға, Алаш қозғалысының негізін қалаушы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханның 160 жылдығына арналған тағылымды басқосу өтті. «Алаш ардақтысының аманаты» атты дөңгелек үстел тарихи жадыны жаңғыртқан маңызды алаңға айналды.**

Ақ жол» демократиялық партиясының облыстық филиалымен бірлесіп ұйымдастырылған кездесудің басты мақсаты «Алаш» мұрасын дәріптеу және өскелең ұрпақты Әлихан Бөкейханның мемлекетшілдік идеяларымен таныстыру болды.

Жиын барысында «Алаш» қозғалысының тарихи мұрасы талқыланды. Студент Сабыржан Саматұлы мен магистрант Ермек Жүгініс Әлихан Бөкейханның өмір жолына тоқталып, ұлттық автономия идеяларына талдау жасады. «Ақ жол» партиясы филиалы төрағасының орынбасары Шынар Боранғалиева Алаш көшбасшысының тұлғалық қасиеттері қазіргі жастар үшін ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісі екенін атап өтті.

– Әлихан Бөкейханның тұлғасы алғашқы қазақ саяси партиясының ұйымдастырушысы, Алашорда үкіметінің төрағасы ретінде ғана емес, Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы және атақты Бөкей ханның тікелей ұрпағы ретінде де көпшілікке ерекше қызық, – деді басқосуға қатысушылар.

Кездесуді жастар үшін тартымды әрі қызықты ету мақсатында ұйымдастырушылар заманауи форматтағы «Ой таста» және «1 сөз – 1 ой» сынды интеллектуалдық креативті ойындар сериясын өткізді. Ал «Егер сен...» ойынында студенттер түрлі жағдаяттарды модельдеп, шешім қабылдауға дағдыланса, «Құпия қорап» және «Байланысын тап» ойынында олардың логикасы мен интуициясы тексерілді.

Кездесу соңында қатысушылар арасында ашық пікірталас өтіп, Алаш қайраткерлері армандаған бостандықты нығайтудың маңызы айтылды. Шараға белсене қатысқан жастарға Алғыс хаттар табыс етілді.



# Кенді Алтайдағы қазақ баспасөзінің қара нары – Жұмәділ Әділбаев 80 жаста



Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

**Шығыс Қазақстандағы қазақ баспасөзінің қара нары, көрнекті публицист, қарымды қаламгер әрі білікті ұйымдастырушы Жұмәділ Әділбаев 80 жасқа толып отыр. Саналы ғұмырын журналистикаға арнаған ол өңірлік медианың қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосып, кешегі – «Коммунизм туы», бүгінгі – «Didar» газетінде қатардағы корректордан бастап, бас редакторлыққа дейінгі жолдан өткен ардагер қаламгер. Журналистиканың Шығыстағы атасы талай жас журналистің қанатын қатайтып, ұлттық журналистиканың абыройын асқақтатты. Жұмәділ Әділбайұлының редакторлық мектебі – кәсібилік, жауапкершілік және шығармашылық еркіндік қағидаттарына негізделген және бүгінгі жас толқын буынға жол нұсқаған бағдаршам іспетті.**

Бүгінгі сексеннің сеңгірінде де мерейтой иесі шығармашылықты өмірінің жалауы етіп, қаламын қолынан еш тастаған емес. Зейнет демалысына шыққаннан соң Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалын ұзақ жылдар жемісті басқарды.

Онымен бірге қызмет атқарған замандас әріптестері Жұмәділ Әділбаевтың әділетсіздікке жол бермей, әріптестерін қорғай білгенін, ұжыммен қарым-қатынасты өзара сенім мен шығармашылық еркіндікке негіздеп отыратынын, өзекті материалдарды қолдаса, кемшіліктерге көз жұмбай, талап қоя білгенін ілтипатпен еске алады.

## БАС РЕДАКТОР БІРҚАТАР ЖУРНАЛИСКЕ БАСПАНА АЛЫП БЕРДІ

– Жұмәділ ағаның іскерлік қасиеті – кез келген жағдайда жедел шешім қабылдай алатын тапқырлығымен, ойының алғыр, тілінің өткірлігімен, батыл да жедел әрекет ете білетін ұтқырлығымен ұштасып жатады. 1990-шы жылдармен бірге алғашқы нарық қиындықтарының басталғаны да белгілі. Міне, осы тұста, облыстық газеттің қызметкерлері бас редактордың қамқорлығын көп көрдік. Жұрттың көбі алты айлап жалақыларын ала алмай жүргенде, біздің жалақымыз бір ай да болсын кешіктіріліп көрген жоқ. Жукеңнің беделінің арқасында редакциямыз жиі-жиі пәтер алып, облыс орталығында көптеген әріптес жігіттер үй жағдайларын жақсартты. «Сұңғат, сені тәрбиелейік деп аппаратқа қызметке шақырып отырмыз. Егер дұрыс жұмыс істейтін болсаң, екі жылдың ішінде үй аласың» деді. Сол уәдесінде тұрды. Кесіп сөйлеу, сөзіне сай шешімді әрекет ету – Жұмәділ ағаның ең жақсы қасиеттерінің бірі, – дейді бүгінде Астана қаласында тұратын, есімі елге танымал ақпарат саласының үздігі, «Құрмет» орденді қаламгер Сұңғат Әліпбай.

«Сирек кездесетін, жан дүниесі таза адам», – деп бағалайды оны қаламдас іні-қарындастары. Ол қарапайымдылығымен, адамдармен үнемі тіл табысып, жасандылықтан аулақ, шынайы қарым-қатынасымен, турашылдығымен ерекшеленген тұлға.

– Бас редакторымыз журналистердің небір жақсы бастамаларын әрдайым қолдады. Мен қазақтың тұңғыш әскери ұшқышы, өзіміздің шығысқазақстандық Жақыпбек Малдыбаев туралы бір шағын деректі ары қарай зерттесем дегенде, ол сөзге келместен, мені Мәскеудегі Совет армиясының орталық мұрағатына он күндік іссапарға жіберді. Алғаш рет Риддерде «Жұмысшы» деген атпен шыққан газетіміздің тұңғыш редакторы, 1938 жылы «халық жауы» деген жаламен Алматыдағы НКВД түрмесінде атылып кеткен Мақсұт Тайшыбаев туралы деректер жинай бастағанда бағыт сілтеп, ақыл-кеңестерін аяған жоқ. «Қажетті материалдар бар, тағы да қосымша жәдігерлер жинап, газет мұражайын ашсақ қалай болады?» деген ұсынысқа да үлкен қолдау білдірді, – деп сол кезді еске алады газеттің ардагер редакторы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі Айтмұханбет Қасымов.

Жұмәділ Әділбайұлы басқарған облыстық басылым 2006 жылы ҚР Журналистика Академиясының «Алтын жұлдыз» жалпыұлттық сыйлығына ие болғанда, редактордың өзі көрнекті қазақстандық журналист әрі жазушы Геннадий Толмачев атындағы сыйлықпен марапатталды. «Didar» газетінің әр жылдары республиканың өңірлік басылымдары арасында үздік шығып, Президент грантын жеңіп алуы, неше мәрте республикалық ұжымдық конкурстарда бас бәйгелерді еншілеуі, ең алдымен бас редактордың ерен еңбегі екендігі сөзсіз.

Жұмәділ Әділбаев өңірдің журналистика тарихында алғашқы болып «Шығыс-ақпарат» медиахолдингін құрған азамат. Ол құрамына облыстың ең ірі басылымдары – «Didar» мен «Рудный Алтай» газеттері, артынан аудандық басылымдар біріктірілді.

– Қазақ баспасөзінің ардагері әрі қайраткері Жұмәділ аға «Коммунизм туы» газетінде корректордан бастап, бас редакторлыққа дейінгі шығармашылық жолдан өткен талантты ағаларымыздың бірі. Мен Жукеңді баспасөздің білікті ұйымдастырушысы деп бағалаймын. Ол кезде газет күн сайын үлкен форматта жарық көретін, таралымы да жоғары, беделі де зор еді. Ол кісі ұжымдағы әр қызметкердің қарым-қабілетін, жауапкершілігін, қолынан қандай іс келетінін дәл басып білетін. Соған орай бағыт-бағдар беріп, қай тақырыпты көтеру керектігін нақты айтып отыратын. Сондықтан мен Жукеңді ерекше құрметтеймін. Журналист ретінде қалыптасуыма, редакцияда бас редакторға дейінгі әр белестен өтуіме ықпалы зор болды, – дейді «Didar» газетін он жылдан аса басқарған қаламгер Уәлихан Тоқпатаев.

## ЖАС ТІЛШІЛЕРДІҢ ТАЛАБЫН ҰШТАП, ҚАНАТЫН ҚАТАЙТТЫ

Еңбек жолында Жұмәділ Әділбаев көптеген жас талантты журналистерді тәрбиелеп, олардың әрдайым қоғамның өзекті мәселелерінің алдыңғы шебінде жүруіне ықпал етті.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін тәмамдап, 2001 жылы Шығыс өңірінің қарашаңырағы, Жұмәділ аға басқаратын «Didar» газетіне жұмысқа орналастым. Жұмәділ Әділбаев – газетте жарияланатын әр материалдың сапасына жіті мән беріп, редакция жұмысының барлық қырын шебер үйлестіре білген білікті де әділ басшы болды. Сол жылдары редакцияда Уәлихан Тоқпатаев, Ғалым Байбатыров, Айтмұхамбет Қасымов, Әлібек Қаңтарбаев, Мұрат Әміренов, Ғафура Сәрсенбайқызы, Ғалия Омарханова, Бекәділ Сәдібеков сынды тәжірибелі журналистер еңбек етті. Біз сол кісілердің ақыл-кеңесін тыңдап, кәсіби тұрғыда қалыптастық. «Didar» – жас қаламгерлердің жазу шеберлігін шыңдаған, өңірлік журналистиканың шеберханасына айналған үлкен мектеп, – дейді бүгінде 95 жылдық тарихы бар облыстық газеттің контент-редакторы Айжанат Бақытқызы.

– Газеттің басты міндеті – қоғамдық пікір қалыптастыру деп санаймын. Сондықтан журналистерге әрдайым үлкен жауапкершілік жүктеледі. Журналистика – ол қайраткерлік мамандық. Қазіргі біздің ізімізді жалғаған жас ұжымның осы ұстанымды жоғары деңгейде лайықты жалғастырып келе жатқаны мені қуантады, – дейді мерейтой иесі.

Ол қазақтың көрнекті жазушысы Оралхан Бөкеймен осы редакцияда жас кезінен достық қарым-қатынаста болып, Шығыс Қазақстанды бірге аралап, шығармашылықта біте қайнасқан жан. Достыққа адалдықтың белгісі ретінде талантты жерлесіміз өмірден өткеннен соң, көп жылдардан кейін 2013 жылы оның жарқын бейнесін әйгілеген «Кербұғы» деректі киноэссесін жасауға атсалысты. Бұл кинотуынды ұлттық кино өнерінің алтын қорына енгізілді. Ал қаламгер «Зерттеу жұмысы» номинациясында ҚР Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанды.

Сонымен қатар жерлестеріміз – айтулы жазушы Әзілхан Нұршайықов пен даңқты партизан Қасым Қайсеновке көздері тірісінде де, кейін өмірден өткен соң да рухтарына айрықша құрмет көрсетуі нағыз азаматқа тән қасиет.

## АТАҚҚҰМАРЛЫҚҚА ҚАНЫ ҚАС

Мерейтойлық мақаланы әзірлеу барысында көкейімізде жүрген сауалдарымызды қысқа да нұсқа ағаның өзіне қойған болатынбыз.

**– Ұстаздарыңыздан кімдерді атар едіңіз?**

– Ең басты ұстазым – өмір. Қанатымды қатайтуға әсер еткен ағаларым – Мұқан Әбуғалиев, Ғаббас Қабышұлы, Жүніс Ыбыраев, Рысбек Мырзашев, Геннадий Бердюгин.

**– Достық туралы ойыңыз?**

– Достық – өте нәзік ұғым. Оның алғышарты – адалдық, әділдік. Біраз дос болған сияқты еді. Адам аласы ішінде ғой, сатып кеткендер де болды. Солардың кейбіреуі бүгінге дейін жалпылдап, амандасып жатады. Бүгінгі аға – достарым Ережеп Мәмбетқазиев, Амантай Бакин, Тияс Түсіпов, Марат Әкрамов, Алдияр Әубәкіров, Рысбек Қасеновтар.

**– Елді сағынатын шығарсыз?**

– Сағынғанда қандай! Бірқатар шетелдерде болдым, бірақ біздің Шығысқа жетері жоқ. Елімізден шыққан, ақыл-ойдың кеніші ағаларым – Төлеухан Қоғабаев, Базатай Қайырбеков, Оралбек Малдыбаев, Мұхамет Шаяхметов, Әубәкір Байбатшин асыл жандар еді ғой. Кейде оларды кезінде жүре тыңдағаныма өкінемін.

**– Сіз 53 жыл үздіксіз еңбек еткеніңізбен бірде-бір орден-медаль алмағаныңыз қалай?**

– Бұрынғы заманды айтпағанда, Тәуелсіздік кезеңіндегі он бір әкімнің тұсында орден, атақ сұрап ешкайсының алдына барған емеспін. Тек 31 жасымда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасын (ол кездегі ең жоғары марапат), 61 жасымда «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атағын» алыппын. Жалпы атаққұмарлыққа қаным қас.

Міне, ағаның болмысы осындай және мұндай адамдарды бүгінгі атақ, даңқ қуалаған мадақшыл қоғамнан кездестіру де қиынның қиыны.

«ALTAI-NEWS» медиа-орталығының ұжымы қазіргі уақытта Астана қаласында тұратын Жұмәділ Әділбайұлына зор денсаулық, амандық, шығармашылық шалқар шабыт тілей отырып, «Қаламыңыз мұқалмасын, үйдегі өмірлік тыныңыз, мектеп қабырғасынан бері қол ұстасып бірге келе жатқан Әсия Төлахметқызымен бірге немере-шөберелер ортасында әлі де талай жыл бедеріңде журналистиканың ардақты атасы бола беріңіз», – деген ізгі тілегін білдіреді.



**ЖҰМӘДІЛ ӘДІЛБАЕВ**

*1946 жылы 22-сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Манат ауылында туған.*

*Еңбек жолын 1964 жылы «Коммунизм туы» газетінде корректорлықтан бастап әдеби қызметкер, бөлім бастығы болып, 1978 жылға дейін істеді.*

*1972 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін, 1989 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітірді.*

*1978-1983 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, 1983-1985 жылдары облыстық «Коммунизм туы» газетінің редакторы, 1985-1990 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық партия комитеті идеология бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті.*

*1990-2009 жылдар аралығында облыстық «Didar» газетінің бас редакторы болды. 2009 жылы жаңадан өзі негізін қалаған «Шығыс-Ақпарат» медиахолдингін басқарды.*

*Ұзақ жылдар Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы болды. 2007 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағын алды.*

*Қазақстан Журналистер одағының 50 жылдығына орай, 2009 жылы «Қазақстанның құрметті журналисі» атанды.*

*1983-1985, 1990-2009 жылдары облыстық «Didar» газетінің бас редакторы қызметін атқарып, зейнеткерлікке шықты.*

#КІТАПХАНА ІСІ

# Кітаптарға жан бітетін орын

Тайыр САПАРҒАЛИЕВ, Айна БӘКІМБАЕВА
Тайыр САПАРҒАЛИЕВ, кітапхана архивінен



**Өскемен қаласының орталық балалар кітапханасында 23 сәуірде Қазақстанда атап өтілетін Ұлттық кітап күніне дайындық басталып кетті. Мұнда түрлі іс-шаралар өткізілуде, «Мектептегі алғашқы кітап: қазақ әріптерінің тарихынан қызықты деректер», «Алғашқы ұстаз: Ыбырай Алтынсарин және оның педагогикалық қызметі туралы» атты көрме-стендтері жұмыс істейді.**

Орталық балалар кітапханасы (ОБК) – Өскемен қаласы әкімдігінің Оралхан Бөкей атындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің құрылымдық бөлімшесі. Орталық балалар кітапханасының меңгерушісі Ильшат Исхаковтың айтуынша, олардың басты міндеті – балаларды білім мен таңғажайып жаңалықтардың сиқырлы кілті болып табылатын кітап оқуға баулу.

– Бүгінде сандық технологиялар мен түрлі гаджеттердің балалар уақытын едәуір «жеп қоятыны» ешкімге құпия емес, – дейді Ильшат Исхаков. – Сондықтан біз жас оқырманның жақсы кітапқа деген сүйіспеншілігін оятып, кітап оқымаған күні бос өткендей, кітап оқу оның рухани қажеттілігіне айналуы үшін бар күшіміз бен мүмкіндігімізді саламыз.

Көзі қарақты оқырмандар Өскемен қаласындағы Горький көшесінде орналасқан тарихи ғимаратты жақсы біледі. Бұл – Шығыс Қазақстанның өзіндік мәдениетінің шынайы ескерткіші. Кім қалай бағаласа да, бізге бір қабатты, ерекше күтіммен сақталған көне ғимараттың сәулеті ерекше әсер қалдырады. Баршаға есігі ашық бұл мекен – кітаптың киелі ордасындай, өзіне ғана тән тылсым аураны сақтап тұрған рухани кеңістік.

– Тылсымға толы, тартымды кітап әлеміне сапар әрдайым алғашқы қадамнан басталады, – дейді кітапханашы Аймангүл Мырзабаева. – Ал ол – әліппені игеру, әріптермен танысу. Қазақ тілінде «әліппе» деп аталатын осы алғашқы кітаптың көмегімен балалар ең әуелі әріп танып, олардан буын құрап, біртіндеп сөз, кейін тұтас сөйлем оқуды үйренеді.

Оның айтуынша, бәрі бастау-бұлақтан басталады. Қазақ тілі мен әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің еңбегі – соның айқын дәлелі. Бізге «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі арқылы жақсы таныс тұлғаға Орталық балалар кітапханасындағы негізгі стендтің арналуы да тегін емес. Онда ағартушының өмір жолы, педагогикалық және қоғамдық қызметі, әдеби мұрасы кеңінен таныстырылған. Тіпті ХХ ғасырдың басында жарық көрген «Қазақ хрестоматиясының» түпнұсқасы да сақталған.

## КІТАП ОРДАСЫ

Алтынсариннің тағылымға толы туындыларының ішінде «Таза бұлақ» атты әңгіме-аңызын ерекше атап өтуге болады. Бұл шығарма бейнелі де философиялық сипатымен тек қоғам игілігі жолындағы жанкешті еңбектің мәнін ғана емес, шығармашылықтың сырын, суреткердің жан дүниесі мен жүрек тынысын да терең ашып көрсетеді. Жазушының ой-тұжырымына сүйенсек, адам жаны да бұлақ секілді күн-түн демей тынымсыз еңбектенуі тиіс. Сонда ғана ол кіршіксіз тазалығын сақтап, айнадай мөлдір күйінде қалады.

Қаласақ, осы идеядан бүгінгі күнмен де айқын үндестікті байқауға болады. Мемлекет басшысы жариялаған «Таза Қазақстан» ауқымды бағдарламасының мәні де – ортақ үйіміздегі мәдениеттің тазалықтан басталатынын ұғындыру. Бұл – адамның тәрбиесі мен білімінде қалыптасқан озық дәстүрлердің сабақтастығын сақтаумен астасқан ұғым.

Халық ағарту ісінің тағы бір көрнекті тұлғасы – Ахмет Байтұрсынұлы. Кітапханада оған арнайы бөлім арналып, онда оның қоғамдағы орны мен рухани құндылықтар жүйесіндегі рөлін айқындайтын кітаптар мен тарихи деректер топтастырылған. Бұл қатарды жазушылардың авторлық қолтаңбасы мен оқырманға арналған ізгі тілектері сақталған, библиографиялық тұрғыдан құнды сирек басылымдар толықтыра түседі. Солардың ішінде мектеп өмірін шынайы суреттеген таңдаулы туындылардың бірі – Абдолла Қарсақбаевтың «Менің атым Қожа» кітабы айрықша орын алады.



Кітапханаға келген жанның назарын еріксіз өзіне аударатын дүниелердің бірі – даңқты әскери ұшқыш, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдиновтің өмірі мен ерліктеріне арналған көркем безендірілген басылым. Бұл кітапты Қазақстанның күштік құрылымдарында қызмет еткен ардагер, генерал Орталық балалар кітапханасына арнайы сыйға тартқан. Мұндағы мақсат – жас ұрпақтың ержүрек жерлестердің өнегесімен тәрбиеленуі.

Кітапханада авиация мен ғарыш тақырыбына арналған арнайы бұрыш жасақталған. Онда қазақстандық ғарышкерлер – Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов туралы еңбектермен қатар, орбитаға бірлесе ұшқан шетелдік астронавтар жайлы кітаптар да қойылған.

Балалар баспасөзіне арналған жеке экспозиция да ерекше назар аударады. Мұнда 1925 жылдан бастап 1991 жылға дейін қазақ тілінде жарық көрген «Пионер» журналы секілді ретро-басылымдар сақталған. Бұл журнал жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеп, ғылымға, техникаға, өнер мен мәдениетке, спортқа баулуды мақсат етті.

Оның ізін жалғап, 1991 жылдан бері жарық көріп келе жатқан «Ақ желкен» журналы бүгінгі күні Қазақстандағы ең танымал әрі көп оқылатын басылымдардың біріне айналды. Ал балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық «Ұлан» газеті 2002 жылы Қазақстан Журналистика академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығының «Балалар басылымы» номинациясы бойынша лауреаты атанды.

*Мемлекет басшысының газет-журналдарға, кітап оқуға ерекше мән беріп, елімізде Ұлттық кітап күнін белгілеуі – бұл салаға деген қолдаудың айқын көрінісі. Сондықтан олардың қоғамдағы маңызы алдағы уақытта да арта түсетініне сенім мол.*

## СӨЙЛЕЙТІН ҚАЛАМ

Балалар мен жасөспірімдердің жануарлар мен құстарды ерекше жақсы көретіні белгілі. Олардың табиғатпен етене араласуы жас жеткіншектердің жүрегіне мейірім ұялатып, жанашырлықты арттыра түседі. Жерлестеріміз Александр Лухтанов пен Борис Щербаковтың тірі табиғат пен оның тіршілік иелері туралы кітаптары осындай ізгі қасиеттерге үндейді. Соның ішінде «Тотықұсты сатып алыңыз» атты көркем безендірілген кітап орнитолог-ғалым, табиғат жанашыры Борис Щербаковтың қаламынан туған. Айта кетерлігі, оның үйінде сөйлей алатын құстар да мекендейді.

Осы тұста көпшілікке таныс мультфильмдегі «Ой, сөйлейтін балық!» деген қанатты сөз еріксіз еске түседі. Бүгінде бұл тіркес тек әзіл немесе астарлы мағына емес, шынайы өмірдің бір көрінісіне айналғандай. Өйткені қазіргі кітапханашылардың қолында шын мәнінде «сөйлейтін» қаламдар мен кітаптар бар.

Кітапханашы қолына кітап пен ерекше электронды қаламды алып, оны ашылған оқулықтағы, мысалы, әсем бейнеленген жылқының суретіне тигізсе, бірден кісінеген жылқының дауысы естіледі. Ал үй есегінің суретіне жанастырсаңыз, «иа-иа» деген таныс үн шыға келеді. Бұл да балаларға бұрыннан таныс мультфильм кейіпкерлерін еске салады.

Ғажайып қаламның тағы бір маңызды қызметі – оқуға үйрету. Ол оқулықтағы мәтінге тигенде, сөздерді буынға бөліп немесе тұтас сөйлемді дауыстап оқып береді.

Әрине, ата-аналар мен ата-әжелер мұндай жаңашылдықты әзілмен «қазіргі балаларға бәрі дайын, тек қабылдау ғана қалды» деп сипаттауы мүмкін. Дегенмен кітапхана қызметкерлері Меруерт Мамырова мен Евгения Колесниченконың пікірінше, уақытпен бірге қадам басу – басты талап. Ол үшін шет тілдерін меңгеріп, цифрлық технологияларды игеріп, балалармен бір толқында бола білу қажет. Сонда ғана олардың білімге деген қызығушылығы ояныл, көздері жанып тұрады.

Кітапхананың үлкен залында монитордың орнатылуы да бекер емес. Сол арқылы түрлі сабақтар өткізіліп, робототехника, құммен сурет салу секілді қызықты үйірмелер ұйымдастырылады. Мұндай заманауи тәсілдер балаларды өзіне тартып, шығармашылыққа баулиды.

Әрине, кітап ордасында тірі жануарлар мен құстарға орын жоқ сияқты көрінгенімен, мұнда екі тасбақаға арналған шағын бұрыш та бар. Бірі он жаста болса, екіншісі екі жаста. Кітапханашылардың айтуынша, олардың негізгі азығы – зоодүкеннен сатып алатын, арнайы дайындалған дәрумендерге өте бай жем. Дегенмен, сауытты жандардың жаңа піскен қиярды ерекше жақсы көретіні бізге де белгілі болды. Шөпқоректі болған соң бұл түсінікті, ал кейбір тасбақалардың етке де әуес болатыны көпшілік үшін тосын жаңалық болуы мүмкін. Мұндай қызықты деректерді де кітапханадағы кітаптардан білуге болады.

## ӘУЕСҚОЙЛАР КЛУБЫ

Орталық балалар кітапханасында динозаврлар әуесқойларының клубы жұмыс істейді. Бұл клубқа ежелгі дәуірдің таңғажайып жануарларын зерттеуге құмар, ортақ қызығушылығы бар жандар біріктірілген. Оның жетекшісі – кітапхана директоры Ильшат Исхаков. Ол өзі де ерекше суреттер салып, онда бір кездері жер бетінде өмір сүрген алып кесірткелердің бейнесін жаңғыртады. Бүгінгі күнге дейін өз көлемімен таңдай қақтыратын бұл жаратылыстардың келбетин оның еңбектерінен анық көруге болады.

– Қазір әуесқойларға жаңа технологиялардың көмегі көп. Мәселен, алдарыңызда тұрған динозавр макеті 3D-принтердің көмегімен жасалған, – дейді Ильшат Исхаков. – Әрине, мұндай күрделі, көлемді мүсінді бірден жасау мүмкін емес. Сондықтан біз оны бөліктерге бөліп дайындап, кейін арнайы берік желіммен біріктірдік.

Орталық балалар кітапханасының өз мультстудиясы да бар. Мұнда балалар мультфильмдерді өздері түсіріп, шығармашылық қабілеттерін дамыта алады. Ал тіл үйренуге құштар жасөспірімдер қазақ және ағылшын тілдері бойынша ұйымдастырылатын сабақтарға қатысып, білімдерін жетілдіреді.

Сондай-ақ мұнда Қазақстан Республикасы Монета сарайының естелік және мерейтойлық тиындар сияқты өнімдерінен құралған шағын көрме де ұсынылған. Алайда бұл – арнайы тоқталуды қажет ететін, өз алдына бөлек әңгіме.



#ПОЭЗИЯ

# ЕКЕУІМІЗДІ АЙЫРҒАН КӨКТЕМ ЕДІ...

**Әсілі ақын Абай «Өлең – сөздің патшасы!» деп тегін айтпаған ғой. Неге өлең – сөздің патшасы? Себебі кез келген қарабайыр ой өлең жолдарына айналса бәйгеге жаратқан сәйгүліктей құлпырып кететіндігі баршамызға аян. Бабадан балаға мұра боп жеткен сол өлең біздің Шығыс өңірінде, әсіресе жастар арасында ерекше қарқынмен дамуда. С.Аманжолов университетінің ІІ курс студенті Әли Ермекұлының төмендегі топтама жырлары осы сөзіміздің айғағындай.**

***Редакция алқасы***

### SMS

«Дауасы дүлей дерттің демес пе өлең,
Ендеше, мұңыңызды неге ішпеген.
Сізге деген мендегі махаббаттың,
Жанында Тынық мұхит емес терең?!»
деп менің WhatsApp-ыма хат келгенде,
Көзіме бір есалаң елестеген...

Өркөкірек көміліп қарға күйім,
Ойым кетті есалаң жанға кейін.
Оңашада хаттарын оқып алып,
Ойлануды шығардым таңға дейін.

Жалынам, жазғырма оған текке мені.
Жазған-ай!
Енді осы еді жетпегені.
Бейкүнә бикешімді біліп қойып,
Өскемен маған қатты өкпеледі...

Үнсіз, өткір көздерде бір шық тұнып,
Көрсетті сосын қала қырсық қылық.
Шын айтамын!
Шайырын өлтірмекші,
Ертістің толқынымен тұншықтырып...

Күн күркіреп,
Көз жасын қала сығып,
Алай-дүлей аспаны аласұрып,
Итжеккенге ақынын айдатпақшы,
Алтайдың асқарынан әрі асырып...

Енді Өскемен суығы кетер өтіп,
Төбемнен тас бұршағын төпелетіп.
Сол бұршаққа тәп-тәтті сезім қосып,
Саған дайындап бердім ғой шекер етіп...

Бекер бәрі..!

Баяғыдай бұл қала қуанбайды,
Кеудесін жарып өткен тұман қайғы.
Содан бері Өскемен түнеріп ап,
Темекі тұтатпаса тұра алмайды...

«Дауасы дүлей дерттің демес пе өлең,
Ендеше, мұңымызды неге ішпеген?!
Тынық пен Атланттың мұхиты да
Біздегі махаббаттан емес терең»
- деп менің WhatsApp-ыма хат келгенде,
Көзіме бейкүнә қыз елестеген...
...Сен мені сүйе көрме!
Өтінемін...
Мені сүйсе, сүйсінші – тек Өскемен!

### ЕРТЕГІ

Әке, есіңде ме?!
Сұр шанаммен сырғанап сонау маңда,
«Қайт ұлым!» дегенді де ұқпайтынмын.
Тек ақтүтек бораған борандарда,
Мен сенің қойныңа ықтайтынмын.

«Балам, бүгін басылмас боран демі»
- деп, әке, сен беріп ең ертегі айтып.
Сүйретіп ап шанамды содан бері,
Ертегі үшін үйрендім ерте қайтып.

Бүгінде сұр шанамды әрі астырып,
Кезіп кеттім күндегі анық белді.
Шана мені ауылдан адастырып,
Қала дейтін қапасқа алып келді...

Томсарған тысқары бақ, тысқары кеш,
Қаланың бола алмадым еркелісі.
Мақта қыз жоқ! О, Тоба, Мыстаны нес?!
Бұл қаланың біртүрлі ертегісі...

Шаң басып, шанам қалды салдырлаған,
Есейдім, ертегіні ұқпай бөтен.
Бет қаратпас бораса тағдыр-боран,
Кімнің барып қойынын ықтайды екем?!

Адамы араласпас адамменен,
Бұл қалада жоқ сынды аяу мүлде.
Әке, сен:
– Қайт! – демей ақ, шанамменен
Мен ауылға тартамын таяу күнде...

...ертегі айтып берші!

### ТҮЙМЕДАҚ

Түймедақ!
Сен бүгін қаш, үй қамақтан,
Жасырынар жер тауып, бейне бақтан.
Оңаша сөйлесейік, ол аз десең,
Шашыңа тәж тоқиын түймедақтан.

Айтатын күнің бүгін «келемді» енді,
Кел, келе ғой, аяйын сенен немді?!
Парақтары сарғайған Памукпенен*,
Қоса ала кел мен жазған өлеңдерді.

Түймедақты кө-ө-өп күтіп бейне бақта,
«Нәлет!» – дедім тағдырға, бидағат па?!
...«Келмейтін болды қыз» – деп жел жылайды,
Сүймейтін боп үзіліп түймедақ та...
Күңгірт бақты көңілсіз кезем үнмен.
Тепсе де өгей тағдыр өзегімнен,
Түймедақ:
«Сүйемін», – деп сыбырлайтын
Бір күннің туатынын сеземін мен!..

сүйеді...сүймейді...

*Памук*– Орхан Памук*

### САРЫ КҮЗДЕ ТАНЫСЫП ЕК ЕКЕУІМІЗ...

Түнгі қала, ойларым жүр шұбырып,
Жел мазамды алады сыңсып, үріп.
Ал менің ше, барарым – кофехана,
Отырам арты-артынан мұң сіміріп...

Сирень дейтін жүруші ең, сен гүлді аңсап,
Сезім дейтін жүруші ем, мен гүлді аңсап.
...Сені көрдім, жәудіреп жанарыңда
Үзілуге шақ қап тұр мөлдір моншақ...

«Ұмытам!» деп кетіп ең, сен де тегі,
Сағыныш қой, көз жасты көлдетеді.
Ей, тасжүрек, мен сені сүйетіндей,
Мені де сүйе салсаң, нең кетеді?!

Сәтімде, бұл қалаға сия алмаған,
Баққа барам, екеуміз қиялдаған.
Сенің түк те кінәң жоқ,
Менің кінәм,
Сенен басқа ешкімді сүйе алмаған...

Кофехана...
Баз кешіп бізбен жел де,
Сірескен жібімейді мұз кеудемде.
Мен сары күз түскенде сені еске алам,
Сен не істейді екенсің күз келгенде...?!

### АЙ

*(жапон хайкуларының ізімен)*

Екеуімізді айырған көктем еді.
Қоңылтақсып қоштасқан бізді көріп,
Томсарып төбедегі Ай өкпеледі...

Төбедегі Ай жанарын жасқа малды.
Тығылып қалды сосын, біз түнедік,
«Тағдыр» дейтін көшеде тас қараңғы...

Манғаны ма, малшынып, мәңгі сорға,
Аллея...
Бульвар...
Ертіс...
Үлбі...
Гүлзар...
Бәрі, бәрі құлазып қалды сонда...?!

Көктем еді, айырған екеумізді,
Дегенмен пәкизә еді пейіліміз.
Жазған-ай, жазғырады ол бекер бізді...

Жазғырады жанымды жасыны ұрып.
Жабырқайды, жылайды жауап қатпай,
Бұртиып бұлт ішіне жасырынып...

Көктем келді, көнсе де, көнбесе де,
Екеуімізді айырған бұл мезгілді,
Мен кештім...
Сен де кештің...
Ол кеше ме?!

### КҮЗГІ ЭЛЕГИЯ

Сол ақ жауын, сол тамыз күзі сұрлы,
Сары адырға сіркіреп сызы сіңді.
Жылап жатқан меніңше аспан емес,
Жаз дейтұғын перінің қызы сынды.

Жап-жарық жазды әкетті іңір ертіп,
Қалғымады құла түз түнімен түк.
Мұң жамылған жондардан жортып өтіп,
Күз де келді жер-көкті күңірентіп...

Жонына жазды өңгерген тыншы ұятты,
Жазды қимай сан өзен сыңси ақты.
Күз деп сені қай құрғыр атады екен,
Күз емес, сенің атың – Мұң сияқты?!

Шерлі шық жанарымның кілтін алып,
Кірпігімді барады түртіп, ағып.
Жазбен бірге ауылдан мен де кеттім,
Жасымды жапыраққа сүртіп алып...

Көзі көк,
Жүзі бозғылт,
Басы сұрлы...
Жалбыр-жалбыр күз келді, шашы сулы.
Мына жаңбыр, меніңше, жаңбыр емес,
Жаз дейтұғын арудың жасы сынды...

### ЕРТІС БӘРІН БІЛЕДІ...

«Сағынсақ ерке Ертіске келеміз!» деп,
Телміргенбіз толқынға неге біз көп?!
...Ендігі Ертіс жаққа елеңдеймін,
Сенімен кездесуге себеп іздеп.

Қаланың қойнына түнеп шығып,
Жүргенімде өмірді жүдеп сүріп,
Жағалауға сен келдің!
Ал мен қалдым,
Жаныңа жақындауға жүрексініп...

Сен байқадың, күй кештім әсте бөлек,
Жанарыңда мөлт еткен жас не демек?!
Сен қанша жасырғанмен,
Көзің әлі,
Сүйетінің тастады әшкерелеп...

Кеудеңді бір сағыныш кернегенде,
Келмегенде қайтесің, келмегенде?!
Алайда өткен қайтып оралмасын,
Біледі Ертіс,
Білеміз, сен де, мен де...

– Жетеді!
Достасыңдар! – дейді қар-қыз,
– Жо-жо-жоқ, қоштасыңдар! – дейді қар-қыз.
Сен, өтінем, өмірден сүймей өтпе,
Мен өтейін, жаным-ау, мейлі жалғыз...

Сен кеттің жанарыңды мұңға малып,
Мен қалдым..,



Ертіс қалды шулап ағып...

### ИПОХОНДРИЯ

Шіркін күзде,
Құрғыр-ау, ойнап жүрміз бұл күн біз не?!
Қадірін қашырмай-ақ махаббаттың,
Қоштасу керек шығар, мүмкін, бізге?

Келуі екіталай мұнда бақыт.
Минутына жүргенше мұңға батып,
Қоштасайық, қайрылма,
бар, бара ғой,
Жанарыңнан жасыңды сырғанатып...

Сен де бөтен, ендігі мен де бөтен,
«Жалғыздық» деген ертең елге кетем.
Сағынышын арқалап Төлеағамның*,
Есағамның* құстарын ермек етем...
Мөлт еткенім,
Сүйесің енді өмірдің ертектерін.
Ал мен «сүйем» деп жазам қаншама өлең,
Сен бірақ, селт етпегін!

Риясыз сәттерді аңсап сүйенерге,
Жоқ сағыныш отына күйе берме.
Бұдан былай ақынға үміт беріп,
Бұдан былай ақынды сүйе көрме...

*Төлеағам* – Төлеген Айбергенов*
*Есағам* – Есенғали Раушанов*

### СЕНІ ІЗДЕП КЕЛЕМ

*Зухра – арабша Шолпан жұлдызы деген мағынаны білдіреді.*

Зухра!
Сені Шолпан жұлдызы деседі,
Жеті қат көктен шашыңның иісі еседі.
Бір рет көрсе, Үркердің қызын тастай сап,
Жетіқарақшы сен жаққа қарай көшеді...

Сені іздеп келем, сені іздеп келем ымыртта,
Атыңды жазып мұнтаздай мамық бұлтқа.
Саусақтарыңа Сатурнды да сен үшін,
Сақина қылар бір ақын барын ұмытпа!

Сені іздеп қайттым, сені іздеп қайттым іңірде,
Жұлдыз біткеннің қалдырмай тінтіп бірін де.
Күтумен сені төрт мұхитқа тас лақтырып,
Жолыңды қарап өлемін, өлсем түбінде...

Зухра дейтін бір жұлдыз бар-ды бұл маңда,
Тек қана туар, түндерге мейірім тұнғанда.
Зухра, жаным, жетеді енді жерге түс,
Жетіқарақшы ұрлап әкетпей тұрғанда...!

#ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

# Жас спортшыларға алаяқтықтан сақтану жолдары түсіндірілді

**Интернет алаяқтыққа қарсы басты қорғаныстың бірі – тұрғындардың білімділігі мен сақтығы. Өңіріміздің құзырлы органдары азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыру үшін жаппай түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Әсіресе жастарға ерекше көңіл бөлінген.**



Жуырда Риддер қаласында жастардың цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған профилактикалық семинар өтті. Оны киберқылмысқа қарсы іс-қимыл бөлімшесінің қызметкерлері жергілікті полиция бөлімімен бірлесіп ұйымдастырды.

Кездесу облыстық олимпиада резервінің мектеп-интернат-колледжі тәрбиеленушілеріне арналды. Семинарға 250-ге жуық адам қатысты. Олардың қатарында жас спортшылармен бірге жаттықтырушылар, оқытушылар және ата-аналар да болды.

Іс-шараның негізгі мақсаты жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру және оларды интернет кеңістігіндегі заңсыз әрекеттерге тартудың алдын алу болды. Әсіресе «дропперлік» деп аталатын схемаға, яғни ұрланған қаражатты қолма-қол ақшаға айналдыруға немесе аударуға қатысудың ауыр салдары туралы кеңінен түсіндірілді.

Өскемен қаласы полиция басқармасының киберқылмысқа қарсы іс-қимыл жөніндегі жедел уәкілі, полиция капитаны Ақбота Бауыржанқызы қатысушыларға интернет-алаяқтықтың кең таралған тәсілдерін жан-жақты түсіндірді. Ол әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы «оңай табыс» уәдесімен жастарды заңсыз әрекеттерге тарту жағдайларының жиілеп отырғанын атап өтті. Сонымен қатар маман банк карталарын және жеке деректерді үшінші тұлғаларға беру қылмыстық жауапкершілікке әкелетінін ескертіп, қауіптің алдын алу жолдарын түсіндірді.

Семинар барысында интернет-алаяқтықтың түрлері мен белгілері талданып, киберқауіпсіздікті сақтау бойынша практикалық кеңестер берілді. Бұдан бөлек, діни экстремизмнің алдын алу мәселесі де қозғалып, теолог маман деструктивті ағымдардың арбау тәсілдеріне қатысты нақты мысалдар келтірді.

Кездесу ашық диалог форматында өтіп, қатысушылар өз сұрақтарына толық жауап алды. Оқу орнының басшылығы болашақ чемпиондарды тәрбиелеуде тек спорттық дайындық емес, құқықтық мәдениет пен цифрлық қауіпсіздік дағдыларының да маңызды екенін атап өтті.

Мұндай профилактикалық іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасады. Полиция қызметі жастармен ашық жұмыс жүргізуді күшейтіп, олардың заманауи қауіп-қатерлерге төзімділігін арттыруды және заңға құрметін нығайтуды мақсат етіп отыр.

#ЗАҢ

# Тіркелмеген қару-жарақтан құтылған абзал

**Елімізде қоғамдық қауіпсіздікті күшейту және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында заңсыз сақталған атыс қаруларын, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды ерікті түрде тапсыру акциясы басталады. 20 сәуірден бастап республика көлемінде қолға алынатын бұл шара «Заң және тәртіп» қағидатын нығайтуға бағытталып отыр.**

Акцияның негізгі мақсаты – тіркелмеген қару қолдану арқылы жасалуы мүмкін қылмыстардың жолын кесу, азаматтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және заңсыз айналымдағы қаруды қоғамнан шығару. Құқық қорғау органдарының мәліметінше, мұндай бастама қылмыс деңгейін төмендетуге және қоғамдық тұрақтылықты арттыруға ықпал етеді.

Ішкі істер органдарының өкілдері атап өткендей, заңсыз сақталған қаруды өз еркімен тапсырған азаматтар әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктен босатылады. Сонымен қатар тапсырылған қару үшін оның жай-күйіне қарай арнайы комиссия белгілеген мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

Полиция қару-жарақты қабылдау аумақтық ішкі істер бөлімшелерінде жүзеге асатынын еске салады. Қару өткізу тәртібі ішкі істер министрлігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №266 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

Өскемен қаласы полиция басқармасының мәліметінше, бұл іс-шара 20 сәуірде басталып, белгісіз мерзімге дейін жалғасады. Облыс орталығында қару-жарақ Қабанбай батыр көшесіндегі 152-ші ғимаратта қабылданады.

Мамандардың айтуынша, мұндай бастамалар қоғамдағы қауіпсіздік деңгейін арттырып қана қоймай, азаматтардың жауапкершілігін күшейтіп, заңға құрмет мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

#ҰРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ

# Дүкеннен 80 қорап шоколад жымқырған ер адам ұсталды




**Өскеменде «тәттіге құмар» ұры ұсталды. Бірнеше ай бойы сауда орталығынан 80 қорап шоколад пен өзге де тауарларды жымқырып келген ер адам бейнебақылау арқылы анықталған.**

Өскемендегі ірі сауда орталықтарының бірінде бірнеше рет жасалған ұрлық дерегі тіркелді.

Тергеу мәліметіне сәйкес, 2026 жылдың қаңтар-ақпан айлары аралығында ер адам сауда залынан тауарларды жүйелі түрде жасырын ұрлап келген. Ол адамдардың назарынан тыс сәттерді пайдаланып, өнімдерді сырт киімінің астына жасырып, төлем жасамастан дүкеннен шығып кетіп отырған.

Күдіктінің негізгі нысанасы шоколад өнімдері болған. Атап айтқанда, ол жалпы саны 80 қорап «Merci» шоколадын қолды қылған. Бұдан бөлек, косметикалық бұйымдар, азық-түлік және жеке гигиена заттарын да жымқырған.

Заңсыз әрекеттер салдарынан сауда орнына 250 мың теңгеден астам материалдық шығын келтірілген.

Кезекті ұрлық кезінде күдіктінің жеке басы Шығыс Қазақстан облыстық полиция департаменті Жедел басқару орталығының бейнебақылау камералары арқылы анықталып, ол ұсталды.

Қазіргі уақытта аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Күдіктіге қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалды.

#ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

# Тауар сатып алғанда абай болыңыз




**Облыс тұрғыны әлеуметтік желі арқылы тапсырыс беріп, сапасыз әрі мүлдем басқа тауарлар алған. Мәселе сотқа дейінгі тәртіппен шешіп, тұтынушының ақшасы өзіне толық қайтарылып отыр.**

Облыс бойынша сауда және тұтынушылар құқығын қорғау департаментіне әлеуметтік желі арқылы тонометр мен папилломаға қарсы крем-гель сатып алған тұтынушы жүгінген. Ол «Қазпошта» арқылы тауарды алған кезде тонометрдің қан қысымын дұрыс өлшемейтінін, ал крем-гельдің орнына қышымаға қарсы мазь келгенін анықтаған. Яғни, алынған тауарлардың сапасы мен түрі тапсырысқа сәйкес келмеген. Тауар үшін ақы төлеп, оны қолына алғаннан кейін сатушымен байланысу мүмкін болмапты, себебі жүкқұжатта тек курьерлік қызметтің нөмірлері көрсетілген.

– Өтінішті қарау барысында біздің мамандар сатушының деректерін анықтап, онымен байланысқа шығып, заңнамаға сәйкес түсіндіру жұмыстарын жүргізді және дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеуге ықпал етті. Нәтижесінде тұтынушыға кері жеткізу шығындарын қоса алғанда, 32 580 теңге қаражат толық қайтарылып отыр, – дейді департамент басшысы Асхат Сағидолдин.

Департамент азаматтарды интернет арқылы сауда жасау кезінде сақтық танытуға шақырады. Тек тексерілген сауда алаңдарына басымдық беру, сатушының заңды деректері мен байланыс ақпаратын тексеру ұсынылады. Қажет болған жағдайда көмек алу үшін тиісті органдарға хабарласқан жөн.

**Бетті әзірлеген – Ержан КЕҢЕСҰЛЫ**

Табиғи монополия
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
1-нысан

**2025 жылдың қорытындысы бойынша 2025 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындау туралы есеп**
**«Казцинк-Энерго» ЖШС, электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер**

субъект атауы, қызмет түрі

| Реттік № | Реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат | | | | | | Пайдалар мен шығындар туралы есеп* | Инвестициялық бағдарлама сомасы | | | | Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшерлері туралы ақпарат, мың теңге | | | | Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат** | | | | | | | | Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламадағы көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру | Ұсынылатын реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін және қызметтің тиімділігін арттыруды бағалау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Реттелетін қызметтердің атауы және қызмет көрсетілетін аумақ | Іс-шаралар атауы | Өлшем бірлігі | Натурал көрсеткіштердегі саны | | Инвестициялық бағдарлама аясында қызметтерді ұсыну кезеңі | | Жоспар | Факт | ауытқу | ауытқу себептері Амортизация | меншікті қаражат | | Қарыз қаражаты | Бюджеттік қаражат | Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, % | | Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша негізгі қорлардың (активтердің) тозуын (физикалық) төмендету, % | | Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша шығындарды төмендету, % | | Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша апаттылықты төмендету | | | |
| | | | | жоспар | факт | | | | | | | Пайда/езгелер | | | | өткен жылдағы факт | ағымдағы жылдағы факт | өткен жылдағы факт | ағымдағы жылдағы факт | жоспар | факт | факт прошлого года | факт текущего года | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |
| | ШҚО-да электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер | ШҚО-да электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер | мың. кВтсағ | 4 170 778,54 | 3 659 005,84 | 2025 г. | - | **1 014 926,00** | **982 018,33** | **-32 907,67** | Тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында | **716 252,92** | **265 765,40** | нет | нет | 0,97 | 0,96 | 50,44 | 50,44 | 2,53 | 2,38 | 0,00 | 0,00 | Тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында | Жақсы |
| **1** | - | **Күрделі құрылыс** | | | | | | **70 723,93** | **75 802,25** | **5 078,32** | | **0,00** | **75 802,25** | | | | | | | | | | | | |
| 1.1 | - | Л-231 тіректер №217, 277 капиталды жөндеу бойынша ЖЗЖ | ҚМЖ | 1 | 1 | 0 | 0 | 1 542,75 | 1 542,75 | 0,00 | Орындалды | 0,00 | 1 542,75 | | | | | | | | | | | | |
| 1.2 | - | Орталық диспетчерлік басқару пунктін жаңғырту | жоба | 1 | 1 | 0 | 0 | 42 688,06 | 47 766,38 | 5 078,32 | Орындалды | 0,00 | 47 766,38 | | | | | | | | | | | | |
| 1.3 | - | ЖВЖ-27 6 кВ учаскесін капиталды жөндеу бойынша ЖЗЖ | ҚМЖ | 1 | 1 | 0 | 0 | 1 841,40 | 1 841,40 | 0,00 | Орындалды | 0,00 | 1 841,40 | | | | | | | | | | | | |
| 1.4 | - | Л-129 110 кВ желісін капиталды жөндеу бойынша ЖЗЖ | ҚМЖ | 1 | 1 | 0 | 0 | 3 971,72 | 3 971,72 | 0,00 | Орындалды | 0,00 | 3 971,72 | | | | | | | | | | | | |
| 1.5 | - | Л-169, Л-170 110 кВ желілерін капиталды жөндеу (АСПТ-240/32) | жоба | 1 | 1 | 0 | 0 | 20 680,00 | 20 680,00 | 0,00 | Орындалды | 0,00 | 20 680,00 | | | | | | | | | | | | |
| **2** | | **Негізгі құралдарды (негізгі технологиялық жабдықтарды) жаңарту және жаңғырту** | | **56,00** | **62,00** | | | **944 202,07** | **866 123,68** | **-78 078,39** | | **716 252,92** | **149 870,76** | | | | | | | | | | | | |
| 2.1 | - | ПДУ-К пульттi УУ-54 басқару шкафы | дана | 1 | 1 | 0 | 0 | 58 309,60 | 58 309,60 | 0,00 | Орындалды | 55 067,41 | 3 242,19 | | | | | | | | | | | | |
| 2.2 | - | Шартылы кернеуді шектеуіш ОПН-П-10/12/10/400 УХЛ1 | дана | 30 | 30 | 0 | 0 | 335,88 | 335,88 | 0,00 | Орындалды | 0,00 | 335,88 | | | | | | | | | | | | |
| 2.3 | - | ТРДН-40000 трансформаторын сатып алу | дана | 1 | 1 | 0 | 0 | 316 527,35 | 326 764,71 | 10 237,36 | Орындалды | 326 764,71 | 0,00 | | | | | | | | | | | | |
| 2.4 | - | Жеке қажеттіліктер қалқаны 0,4 кВ | дана | 1 | 1 | 0 | 0 | 4 268,00 | 4 268,00 | 0,00 | Орындалды | 0,00 | 4 268,00 | | | | | | | | | | | | |
| 2.5 | - | ТМН-4000/35/6,3 УХЛ-1 трансформаторы | дана | 1 | 1 | 0 | 0 | 39 500,00 | 39 500,00 | 0,00 | Орындалды | 0,00 | 39 500,00 | | | | | | | | | | | | |
| 2.6 | - | ТГМ-35 УХЛ-1 (300/5) ток трансформаторы | дана | 6 | 6 | 0 | 0 | 17 760,00 | 17 760,00 | 0,00 | Орындалды | 0,00 | 17 760,00 | | | | | | | | | | | | |
| 2.7 | - | ТГМ-35 УХЛ-1 (150/5) ток трансформаторы | дана | 6 | 6 | 0 | 0 | 17 760,00 | 17 760,00 | 0,00 | Орындалды | 0,00 | 17 760,00 | | | | | | | | | | | | |
| 2.8 | - | ПС-20 РЖЭС жоғары кернеулі ұяшықтар жиынтығы | жиынтық | 1 | 1 | 0 | 0 | 168 713,00 | 168 713,00 | 0,00 | Орындалды | 168 713,00 | 0,00 | | | | | | | | | | | | |
| 2.9 | - | ПС-11 ӨАЭТ 10 кВ ұяшықтар жиынтығы | жиынтық | 1 | 0 | 0 | 0 | 54 787,24 | 0,00 | -54 787,24 | Іс-шара бекітілген кезеңнің соңында орындалады* | 0,00 | 0,00 | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.10 | - | ПС-11 ӨАЭТ 0,4 кВ ұяшықтар жиынтығы | жиын-тық | 1 | 0 | 0 | 0 | 46 435,00 | 0,00 | -46 435,00 | Іс-шара бекітілген кезеңнің соңында орындал-ады* | 0,00 | 0,00 | | | | | | | | | | | |
| 2.11 | - | ПС ГВ ӨАЭТ 6 кВ КРД ұяшық-тар жиынтығы | жиын-тық | 1 | 0 | 0 | 0 | 165 707,80 | 165 707,80 | 0,00 | Орындал-ды | 165 707,80 | 0,00 | | | | | | | | | | | |
| 2.12 | - | ГПП-4 РУ-6 кВ ӨАЭТ теңестірілген бейтарап желісіндегі 6 кВ жинақтал-ған шиналар секциялары-ның жерге қате қосылудан қорғаныс құралдарын монтаждау және реттеу | жоба | 1 | 1 | 0 | 0 | 26 881,80 | 24 943,30 | -1 938,50 | Орындал-ды | 0,00 | 24 943,30 | | | | | | | | | | | |
| 2.13 | - | Риддер аумақтық электр тораптарының ГВ-1 қосалқы станция-сында №2,3,4 түзеткіш агрегаттарын ауыстыру бойынша жобалау-із-дестіру жұмыстары | ҚМЖ | 1 | 1 | 0 | 0 | 6 656,75 | 6 656,75 | 0,00 | Орындал-ды | 0,00 | 6 656,75 | | | | | | | | | | | |
| 2.14 | | ӨАЭТ ГПП-4 қосалқы станциясында 110 кВ КРУЭ қорғау және басқару терминалын ауыстыру бойынша жобалау-іздестіру жұмыстары | ҚМЖ | 1 | 1 | 0 | 0 | 10 345,98 | 10 345,98 | 0,00 | Орындал-ды | 0,00 | 10 345,98 | | | | | | | | | | | |
| 2.15 | | КПО-дағы ТМГ-1000-10/0,5 кВА трансфор-маторы | дана | 1 | 1 | 0 | 0 | 4 608,28 | 4 608,28 | 0,00 | Орындал-ды | 0,00 | 4 608,28 | | | | | | | | | | | |
| 2.16 | | ТП-40-дегі ТМГ-400-6/0,4 кВА трансформаторы | дана | 2 | 2 | 0 | 0 | 5 605,39 | 5 605,39 | 0,00 | Орындал-ды | 0,00 | 5 605,39 | | | | | | | | | | | |
| 2.17 | | Сызықтық емес кернеуді шек-теуіш ОПН-П110/88/10/850 УХЛ1 | дана | 0 | 6 | 0 | 0 | 0,00 | 2 416,20 | 2 416,20 | Орындал-ды | 0,00 | 2 416,20 | | | | | | | | | | | |
| 2.18 | | ӨАЭТ КПП-1 қосалқы станциясының 10 кВ РУ жоғары кернеулі ұяшықтарын ауысты-ру бойынша жобалау-іздестіру жұмыстары | дана | 0 | 1 | 0 | 0 | 0,00 | 3 033,39 | 3 033,39 | Орындал-ды | 0,00 | 3 033,39 | | | | | | | | | | | |
| 2.19 | | РТЭС «Белкино», ӨАЭТ «Отпаечная», КПП қосал-қы станцияларында өрт дабылы мен өрт сөндіру жүйелерін монтаждау бо-йынша жобалау-іздестіру жұмыстары | ҚМЖ | 0 | 1 | 0 | 0 | 0,00 | 4 007,00 | 4 007,00 | Орындал-ды | 0,00 | 4 007,00 | | | | | | | | | | | |
| 2.20 | | Монтаж пожар-ной сигнализа-ции и системы пожаротушения на подстанции 35/6 «Белкино» РТЭС | жоба | 0 | 1 | 0 | 0 | 0,00 | 5 388,39 | 5 388,39 | Орындал-ды | 0,00 | 5 388,39 | | | | | | | | | | | |
| **3** | **-** | **Негізгі құ-ралдарды (қосалқы және диаг-ностикалық жабдық) сатып алу** | | **0** | **91** | | | **0,00** | **40 092,40** | **40 092,40** | | **0,00** | **40 092,40** | | | | | | | | | | | |
| **3** | **-** | **Қосалқы жабдық** | **дана** | **0,00** | **87,00** | | | **0,00** | **29 603,59** | **29 603,59** | | **0,00** | **29 603,59** | | | | | | | | | | | |
| **4** | **-** | **Диагностика-лық жабдық** | **дана** | **0,00** | **4,00** | | | **0,00** | **10 488,81** | **10 488,81** | | **0,00** | **10 488,81** | | | | | | | | | | | |

*«ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің ШҚО бойынша департаменті» РММ 10.11.2025 жылғы № 196-НҚ және «ШҚО Энергетика және ТКШ басқармасы» ММ 13.11.2025 жылғы № 50 бірлескен бұйрығы (іс-шаралардың орындалу мерзімдерін 2026 жылғы 31 тамызға дейін ауыстыру)

| | |
|---|---|
| **2025 жылдың қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін электр энергиясын беру қызметінің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуі туралы тұтыну-шылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы «Казцинк-Энерго» ЖШС есебі.** | |
| **1** | **Жалпы ақпарат** |
| | «Казцинк-Энерго» ЖШС – энергия беруші ұйым (2009 жылғы 3 тамыздағы мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 21216-1917-ЖШС); қаржылық-шаруашылық қызметін 01.09.2009 жылдан бері іске асырады; «Казцинк-Энерго» ЖШС электр энергиясын беру қызметтері бойынша Шығыс Қазақстан облысының табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген. |
| **2** | **2025 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындау туралы.** |
| | «Казцинк-Энерго» ЖШС инвестициялық бағдарламасы «Казцинк-Энерго» ЖШС бөлімшелерінің энергия жабдықтарының тиімді және тұрақты жұмысын, заманауи техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға, кәсіптік қауіпсіздік және денсаулық қорғау стандарттарына, электр энергиясының технологиялық жоғалтымдарын азайтуға сәйкес тұтынушыларды электрмен сенімді және үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз етуге бағытталған. |
| | Инвестициялық бағдарламаның іс–шараларын қаржыландыру көзі - кәсіпорынның 100% меншікті қаражаты. |
| | Толығырақ ақпарат 1 - қосымшада берілген (табиғи монополиялар субъектілерінің қызметті жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі-Қағидалар) 5-қосымшаның 1-нысаны). |
| **3** | **Есепті кезеңде уәкілетті орган ведомствосы бекіткен тарифтік сметаның әр бап бойынша орындалуы туралы.** |
| | 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 31 тамызға дейінгі кезеңде электр энергиясын тасымалдау қызметіне «Казцинк-Энерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің электр энергиясын тасымалдау қызметіне 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2026 жылғы 31 тамызға дейінгі кезеңге арналған тарифтер мен тарифтік сметалар бекіту туралы» 2021 жылғы 27 шілдедегі № 108-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ТМРКД-ның 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 284-НҚ бұйрығымен бекітілген 1,437 теңге/кВт*сағ (ҚҚС-сыз) мөлшеріндегі тарифтің деңгейі қолданылды, 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде 1,470 теңге/кВт*сағ. (ҚҚС-сыз) мөлшеріндегі тариф қолданылды. |
| | Бекітілген тарифтік сметаның әр бап бойынша орындалуы 2-қосымшада (Қағидаларға 5-қосымшаның 2-нысаны) берілген. |
| **4-5** | **Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметті жүзеге асыру қағидаларына 5 - қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы туралы және Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 4-нысан бойынша табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы.** |
| | Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің, табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігінің бекітілген көрсеткіштері бойынша есептік тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып тарифтерді бекіту кезінде көзделген. «Казцинк-Энерго» ЖШС 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2026 жылғы 31 тамызға дейінгі кезеңге тарифтерді тарифтік реттеудің шығынды әдісін қолдана отырып, ТМРКД 27.07.2021 ж. № 108-НҚ бұйрығымен бекітті. |
| | «Казцинк-Энерго» ЖШС ұсынатын қызметтердің сапасы нормативтік-құқықтық актілердің қолданыстағы талаптарына сәйкес келеді. |
| | 2025 жылға SAIFI, SAIDI электрмен жабдықтау сенімділігі көрсеткіштерінің мәні: SAIFI-жоспар 0,12; нақты-0,013; SAIDI - жоспар-0,168; нақты - 0,032. Бұл көрсеткіштерге қол жеткізу «Казцинк-Энерго»ЖШС тұтынушыларын электрмен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында электр жабдықтарының жұмысы мен пайдалану сенімділігін арттыруға бағытталған инвестициялық бағдарлама іс-шараларының жүргізілуіне негізделген. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **6** | **Есепті кезеңдегі табиғи монополия субъектісі қызметінің негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері туралы.** | | | | |
| Рет-тік № | Көрсеткіштер атауы | Өлшем бірлігі | 2025 жылға бекітілген тарифтік сметада көзделген | 2025 жылғы нақты қалыптасқан көрсеткіштер | Ауытқу |
| 1 | Өтеулі электр энергиясын беру көлемі | мың кВт*сағ. | 4 170 778,54 | 3 659 005,84 | -511 772,70 |
| 2 | «Тұрғысын-1» ЖШС ЖЭК-тен өтеусіз берілген электр энергиясын беру көлемі | мың кВт*сағ. | 0,00 | 393 846,61 | 393 846,61 |
| 3 | Кіріс | мың теңге | 6 026 300,79 | 5 285 880,02 | -740 420,77 |
| 4 | Шығыстар | мың теңге | 5 633 142,18 | 6 673 672,44 | 1 040 530,27 |
| 5 | Пайда/залал* барлығы, с.і.: | мың теңге | 393 158,61 | -1 387 792,42 | -1 780 951,04 |
| 6 | Тариф (ҚҚС-сыз) | мың кВт*сағ. | 1,445 | 1,445 | 0,00 |
| | * инвестициялық бағдарламаның іс-шарасын орындауға | | | | |
| **7** | **Есепті кезеңде ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы.** | | | | |
| Рет-тік № | Көрсеткіштер атауы | Өлшем бірлігі | Бекітілген тарифтік сметада көзделген | Ннақты қалыптасқан көрсеткіштер | Ауытқу |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Көрсетілетін қызмет көлемі | мың кВт*сағ. | 4 170 778,54 | 3 659 005,84 | -511 772,70 |
| 1.1 | «Казцинк» ЖШС | мың кВт*сағ. | 2 734 695,65 | 2 688 021,06 | -46 674,59 |
| 1.2 | Өзге тұтынушылар | мың кВт*сағ. | 1 436 082,89 | 970 984,78 | -465 098,11 |
| 1.3 | «Тұрғысын-1» ЖШС ЖЭК-тен өтеусіз беру жөніндегі қызмет көлемі* | мың кВт*сағ. | 0,00 | 393 846,61 | 393 846,61 |
| | * «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» ҚР Заңының 9-бабының 7-тармағына сәйкес, жаңартылатын энергия көзін пайдаланатын, өндірілетін электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын беруге энергия беруші ұйымдардың қызметтеріне ақы төлеуден босатылады. | | | | |
| **8** | **Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы.** | | | | |
| | Есепті кезеңде 13 тұтынушымен электр энергиясын беру бойынша қызметтер көрсетуге шарттар жасалды. | | | | |
| | Жыл сайын тұтынушылар арасында сауалнама жүргізіліп, көрсетілген қызметтердің сапасына баға қойылады. 2025 жылдың бағасы 5 балдық шәкіл бойынша 5 балды құрады. Есептік кезеңде тұтынушылар тарапынан қызмет көрсету мәселелеріне қатысты наразылықтар болған жоқ. | | | | |
| **9** | **Қызметтің болашағы (даму жоспары), оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы.** | | | | |
| | Уәкілетті орган бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгертуге «Табиғи монополиялар туралы» 27.12.2018 ж. № 204-VI ҚР Заңының 22 - бабы 1-тармағын орындау шарттары негіз болып табылады. | | | | |
| | «Казцинк-Энерго» ЖШС апатты ажыратуларға жол бермеу, негізгі қорларды қолдау мен жаңартуды қамтамасыз ету, тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен сапа көрсеткіштерін орындау және кәсіпорынның өндірістік-қаржылық қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында өз активтерін жаңғырту мен дамыту жобаларын жүзеге асыруын жалғастырады. | | | | |
| | Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын қолданып, энергия үнемдеу іс-шаралары жоспарын жүзеге асыру арқылы энергия тиімділігін арттыру субъектінің болашақтағы даму бағдары болып табылады. | | | | |

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы
№ 404 бұйрығына
5-қосымша
Нысан

**Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс) есепті кезең 2025 жыл**
**Ұйым атауы «Казцинк-Энерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**31.12.2025 жылы аяқталатын жыл үшін** **мың теңге**

| Көрсеткіштер атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін | Алдыңғы кезең үшін |
|---|---|---|---|
| **1. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| **Салық салғанға дейінгі пайда (залал)** | **010** | **(1 019 119)** | **(900 463)** |
| Негізгі қаражат пен материалдық емес активтердің амортизациясы мен құнсыздануы | 011 | 733 827 | 768 013 |
| Гудвилдың құнсыздануы | 012 | | |
| Сауда және өзге дебиторлық берешектің құнсыздануы | 013 | | |
| Сатуға арналған шығындарды шегере отырып, әділ құнына дейін сатуға арналған активтердің (немесе кететін топтың) құнын есептен шығару | 014 | | |
| Негізгі қаражатты шегеруден түскен залал (пайда) | 015 | (783) | (2 701) |
| Инвестициялық мүліктен түскен залал (пайда) | 016 | | |
| Қарызды алдын ала өтеуден түскен залал (пайда) | 017 | | |
| Пайда мен залал туралы есеп арқылы түзетумен әділ құны бойынша көрсетілетін өзге қаржы активтерінен түскен залал (пайда) | 018 | | |
| Қаржыландыру бойынша шығыстар (кірістер) | 019 | | |
| Жұмыскерлердің сыйақылары | 020 | | |
| Үлес құралдарымен сыйақылар бойынша шығыстар | 021 | | |
| Кейінге қалдырылған салықтар бойынша кірістер (шығыстар) | 022 | 147 292 | 154 120 |
| Іске асырылмаған оң (теріс) бағамдық айырма | 023 | | |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша есептелетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдағы ұйымның үлесі | 024 | | |
| Жалпы жиынтық пайданың (залалдың) өзге ақшалай емес операциялық түзетулері | 025 | | |
| **Жалпы жиынтық пайданы (залалды) түзету жиыны, барлығы (+/- 011-жолдан 025-жолды қоса алғанда)** | **030** | **880 336** | **919 432** |
| Қордағы өзгерістер | 031 | 4 317 | 19 138 |
| Резервтің өзгерістері | 032 | 19 218 | 7 969 |
| Сауда және өзге дебиторлық берешектегі өзгерістер | 033 | (308 302) | (114 179) |
| Сауда және өзге кредиторлық берешектегі өзгерістер | 034 | 1 359 432 | 776 275 |
| Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектегі өзгерістер | 035 | (206 657) | (129 039) |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгерістер | 036 | | |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелердің қозғалысы жиыны, барлығы (+/- 031-жолдан 036-жолды қоса алғанда)** | **040** | **868 008** | **560 164** |
| Төленген сыйақылар | 041 | | |
| Төленген табыс салығы | 042 | | |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (010 жол +/- 030-жол +/- 040-жол +/- 041-жол +/- 042-жол)** | **050** | **729 225** | **579 133** |
| **II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| 1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы ( 061-жолдан 071-жолды қоса алғанда сомасы) | 060 | 10 722 | 9 838 |
| оның ішінде: | | | |
| негізгі қорларды жүзеге асыру | 061 | 2 155 | 3 605 |
| материалдық емес активтерді жүзеге асыру | 062 | | |
| басқа да ұзақ мерзімді активтерді жүзеге асыру | 063 | | |
| басқа да түсімдер | 071 | 8 567 | 6 233 |
| 2. Ақша қаражатының шығуы (081 жолдан 091 жолды қоса алғанда сомасы) | 080 | 780 872 | 565 509 |
| оның ішінде: | | | |
| негізгі қорларды сатып алу | 081 | 780 872 | 565 509 |
| материалдық емес активтерді сатып алу | 082 | | |
| басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу | 083 | | |
| бас қа төлемдер | 091 | | |
| **3. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы (060-жол – 080-жол)** | **100** | **(770 150)** | **(555 671)** |
| **III. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| 1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы (111-жолдан 114-жолды қоса алғанда сомасы) | 110 | 0 | 0 |
| 2. Ақша қаражатының шығуы (121-жолдан 125-жолды қоса алғанда сомасы) | 120 | 0 | 0 |
| оның ішінде: | | | |
| **3. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы (110-жол – 120-жол)** | **130** | **0** | **0** |
| 4. Валюта айырбастау бағамының теңгеге әсері | 140 | | |
| **5.Ақша қаражатының артуы +/- азаюы (050-жол +/- 100-жол +/- 130-жол)** | **150** | **(40 925)** | **23 462** |
| 6. Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары | 160 | 110 818 | 87 356 |
| 7. Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары | 170 | 69 893 | 110 818 |

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы
№ 404 бұйрығына
2-қосымша
Нысан

**Бухгалтерлік баланс есепті кезең 2025 жыл**
**Ұйым атауы «Казцинк-Энерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мың теңге**

| Активтер | Жол коды | Есепті кезеңнің аяғында | Есепті кезеңнің басында |
|---|---|---|---|
| **I. Қысқа мерзімді активтер:** | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 010 | 69 893 | 110 818 |
| Сату үшін қолдағы бар қаржы активтері | 011 | | |
| Туынды қаржы құралдары | 012 | | |
| Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері | 013 | | |
| Өтегенге дейін ұсталатын қаржы активтері | 014 | | |
| Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері | 015 | | |
| Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек | 016 | 778 681 | 479 735 |
| Ағымдағы табыс салығы | 017 | | |
| Қорлар | 018 | 27 208 | 49 860 |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 019 | 15 474 | 14 146 |
| **Қысқа мерзімді активтердің жиыны (010-019 жолдардың сомасы)** | **100** | **891 256** | **654 559** |
| Сатуға арналған активтер (немесе істен шыққан топтар) | 101 | | |
| **II. Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Сату үшін қолдағы бар қаржы активтері | 110 | | |
| Туынды қаржы құралдары | 111 | | |
| Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері | 112 | | |
| Өтеуге дейін ұсталатын қаржы активтері | 113 | | |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері | 114 | | |
| Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек | 115 | 1 200 | 10 517 |
| Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар | 116 | | |
| Инвестициялық мүлік | 117 | | |
| Негізгі қаражат | 118 | 7 242 321 | 7 740 505 |
| Биологиялық активтер | 119 | | |
| Барлау және бағалау активтері | 120 | | |
| Материалдық емес активтер | 121 | 74 044 | 83 667 |
| Кейінге қалдырылған салықтық активтер | 122 | 596 548 | 449 256 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | 123 | 1 282 242 | 74 057 |
| **Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (110-123-жолдардың сомасы)** | **200** | **9 196 355** | **8 358 002** |
| **Баланс (100-жол + 101-жол + 200-жол)** | | **10 087 611** | **9 012 561** |

| Міндеттеме және капитал | Жол коды | Есепті кезеңнің аяғында | Есепті кезеңнің басында |
|---|---|---|---|
| **III. Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 210 | | |
| Туынды қаржы құралдары | 211 | | |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 212 | | |
| Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек | 213 | 6 561 094 | 4 628 247 |
| Қысқа мерзімді резервтер | 214 | 25 716 | 15 462 |
| Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері | 215 | | |
| Қызметкерлерге сыйақылар | 216 | 132 737 | 128 961 |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер | 217 | | |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (210-217-жолдардың сомасы)** | **300** | **6 719 547** | **4 772 670** |
| Сатуға арналған істен шыққан топтардың міндеттемелері | 301 | | |
| **IV. Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Қарыздар | 310 | | |
| Туынды қаржы құралдары | 311 | | |
| Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер | 312 | | |
| Ұзақ мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек | 313 | | |
| Ұзақ мерзімді резервтер | 314 | 82 423 | 82 423 |
| Кейінге қалдырылған салықтық активтер | 315 | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер | 316 | | |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны (310-316 жолдардың сомасы)** | **400** | **82 423** | **82 423** |
| **V. Капитал** | | | |
| Жарғылық (акционерлік) капитал | 410 | 7 475 591 | 7 475 591 |
| Эмиссиялық кіріс | 411 | | |
| Сатып алынған меншікті үлес құралдары | 412 | | |
| Резервтер | 413 | | |
| Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал) | 414 | (4 189 950) | (3 318 123) |
| **Бас ұйымның меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиыны (410-414-жолардың сомасы)** | **420** | **3 285 641** | **4 157 468** |
| Бақыламайтын меншік иелерінің үлесі | 421 | | |
| **Барлығы капитал (420-жол +/- 421-жол)** | **500** | **3 285 641** | **4 157 468** |
| **Баланс (300-жол +301-жол+400-жол + 500-жол)** | | **10 087 611** | **9 012 561** |

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы
№ 404 бұйрығына
6-қосымша
Нысан

**Капиталдағы өзгерістер туралы есеп**
**есепті кезең 2025 жыл**
**Ұйым атауы «Казцинк-Энерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**31.12.2025 жылы аяқталатын жыл үшін**

| Құрамдастар атауы | Жол коды | Бас ұйымның капиталы | | | | | Бақыламайтын меншік иелерінің үлесі | Капитал жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жарғылық (акционерлік) капи-тал | Эмиссиялық кіріс | Сатып алынған, меншік үлестік құралдар | Резервтер | Бөлінбеген пайда | | |
| **Алдағы жылдың 1 қаңтарына арналған сальдо** | 010 | **7 475 591** | | | | **(2 571 780)** | | **4 903 811** |
| Есеп саясатындағы өзгеріс | 011 | | | | | | | **0** |
| Қайта есептелген сальдо (010-жол +/- 011-жол) | 100 | 7 475 591 | 0 | 0 | 0 | (2 571 780) | 0 | **4 903 811** |
| Жалпы жиынтық пайда, барлығы (210-жол + 220-жол): | 200 | 0 | 0 | 0 | 0 | (746 343) | 0 | **(746 343)** |
| Бір жылдағы пайда (залал) | 210 | | | | | (746 343) | | **(746 343)** |
| Өзге жиынтық пайда, барлығы (221-229-жолдардың сомасы): | 220 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | **0** |
| Меншік иелерімен операциялар, барлығы (310-318 жолдардың сомасы): | 300 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | **0** |
| оның ішінде: | | | | | | | | **0** |
| Меншік иелерінің жарналары | 311 | | | | | | | **0** |
| **Есепті жылдың 1 қаңтарын-дағы сальдо (100-жол + 200-жол + 300-жол)** | **400** | **7 475 591** | **0** | **0** | **0** | **(3 318 123)** | **0** | **4 157 468** |
| Есеп саясатындағы өзгеріс | 401 | | | | | | | **0** |
| Қайта есептелген сальдо (400-жол +/- 401-жол) | 500 | 7 475 591 | 0 | 0 | 0 | (3 318 123) | 0 | **4 157 468** |
| Жалпы жиынтық пайда, барлығы (610-жол + 620-жол): | 600 | 0 | 0 | 0 | 0 | (871 827) | 0 | **(871 827)** |
| Бір жылғы пайда (залал) | 610 | | | | | (871 827) | | **(871 827)** |
| Өзге жиынтық пайда, барлығы (621 жолмен 629 жолды қоса алғанда сомасы): | 620 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | **0** |
| Меншік иелерімен операциялар, барлығы (710-718-жолдардың сомасы) | 700 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | **0** |
| оның ішінде: | | | | | | | | **0** |
| Меншік иелерінің жарналары | 711 | | | | | | | **0** |
| **Есепті жылдың 31 желтоқсан-ына арналған сальдо (500-жол + 600-жол + 700-жол + 719-жол)** | **800** | **7 475 591** | **0** | **0** | **0** | **(4 189 950)** | **0** | **3 285 641** |

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы
№ 404 **бұйрығына**
3-қосымша
Нысан

**Пайда мен залалдар туралы есеп**
**есепті кезең 2025 жыл**
Ұйым атауы **«Казцинк-Энерго»** жауапкершілігі шектеулі **серіктестігі**
**31.12.2025 жылы** аяқталатын жыл үшін
мың теңге

| Көрсеткіштер атауы | Жол коды | Есепті кезең үшін | Алдыңғы кезең үшін |
|---|---|---|---|
| Түсім | 010 | 6 914 540 | 5 497 642 |
| Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны | 011 | 7 257 858 | 5 826 823 |
| **Жалпы пайда (010-жол – 011-жол)** | **012** | **(343 318)** | **(329 181)** |
| Сату бойынша шығыстар | 013 | | |
| Әкімшілік шығыстар | 014 | 676 261 | 605 029 |
| Өзге шығыстар | 015 | 215 233 | 26 848 |
| Өзге кірістер | 016 | 230 643 | 56 826 |
| **Операциялық пайда жиыны (залал) (+/- 012-жолдан 016-жолға дейін)** | **020** | **(1 004 169)** | **(904 232)** |
| Қаржыландыру бойынша түскен кірістер | 021 | | |
| Қаржыландыру бойынша шығыстар | 022 | | |
| Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы (залалындағы) ұйымның үлесі | 023 | | |
